

Р. Т. Наралиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ФОНЕТИКА)

Оқу құралы

Стереотиптік басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 (5Қаз) я 73

Н 23

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№4 хаттама 26 мамыр 2017 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Д. Әлкебаева**
филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Тымболова**
филология ғылымдарының кандидаты **Б.М. Сұлтанова**

Наралиева Р.Т.

Н 23 Қазақ тілі (фонетика): оқу құралы / Р.Т. Наралиева.
– Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 120 б.

ISBN 978-601-04-2722-8

Қазақ тілі оқу құралы ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
тыңдаушыларына арналған.

Тыңдаушыларға қазақ тілінің фонетика саласынан білім бере отырып, олардың сөздік қорын дамытуды және тіл мәдениетін арттырумен қатар, отансүйгіштікке баулуды, еліміздің жоғары оқу орындарына түсу үшін кешендік тест тапсыруға дайындауды мақсат етеді.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 (5Қаз) я 73

ISBN 978-601-04-2722-8

© Наралиева Р.Т., 2020

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақ тілі» (фонетика) оқу құралы шетел азаматтарына арналған жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық бөлімінің тыңдаушыларына арналған. Оқу құралы шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне және талапкерлерге қазақ тілі жалпы курсының фонетика саласынан білім бере отырып, олардың сөздік қорын дамытуды және тіл мәдениетін арттырумен бірге, еліміздің жоғары оқу орындарына түсу үшін кешендік тест тапсыруға дайындауды мақсат етеді. Тарихи Отанында ана тілінде білім алуға әлемнің әр тарапынан келген шетелдік қазақ жастарына қазақ тілінің фонетикасын меңгертуді мақсат етеді, сонымен қатар атамекені туралы негізгі мәліметтер жеке-жеке тақырыптармен беріледі. Грамматикалық тапсырмаларды бекіту үшін тақырыпқа сай тәрбиелік мәні зор, отаншылдыққа баулитын мәтіндер таңдалып, сұрыпталып ұсынылған. Білім алушылардың лингвистикалық дүниетанымымен қатар мәдени танымын да қалыптастыру көзделген. Фонетика саласына арналып ұйымдастырылған тапсырмалар мен мәтіндер тілдің қарым-қатынас құралы және де ұлттық асыл мәдени мұра, қоғаммен бірге дамушы құбылыс екендігін түсіндіруге бағытталып, бейімделіп ұсынылған. Оқу құралында пәнаралық байланысқа да ерекше көңіл бөлінген. Әртүрлі мазмұндағы мәтіндер мен тапсырмаларды беру арқылы ана тіліміздің қоғамдық өмірдегі алатын орнының маңызды екендігін танытады және білім алушыны ана тілін сүйуге, құрметтеуге баулиды. Фонетика саласы бойынша басты білім дағдылары мен тілдік деңгейді меңгертуге бағытталады. Білім алушы:

- қазақ тілінің фонетикасы қазақ тілі дыбыстарын зерттейтін сала екенін білуі;
- фонетикалық атауларды (терминдерді) ұғынуы және олардың мәнін ажырата алумен қатар, дұрыс қолдануды игеруі;

- қазақ әріпнамасының (алфавитінің) құрамын, ретін білуі;
- дыбыс пен әріптің өзіндік ерекшеліктері мен бірлігін, олардың арақатынасын және дыбыстардың фонемалық сипатын меңгеруі;
- сөз құрамындағы дыбыстарға классификация жасай білуі: дауысты және дауыссыз дыбыстарды іштей жіктей алуы және артикуляциясына қарай ажырата білуі;
- сингармонизм заңын дұрыс меңгерту арқылы сөйлеу мәдениетін арттыруы;
- сөздерді орфоэпиялық ережеге сай дұрыс айтуы;
- сөздерді орфографиялық ережеге сай дұрыс жазуы;
- тіл дыбыстарының сөз мағынасымен байланысын, қатынасын меңгеруі;
- қазақ әріпнамасындағы төл дыбыстарымыз бен орыс тілі арқылы енген кірме дыбыстардың өзара қарым-қатынасын игеруі;
- буын түрлерін ажырата алуы;
- сөздерді дұрыс тасымалдай алуы;
- екпіннің қазақ тіліндегі ерекшеліктерін білуі;
- қазақ тілінің тіл заңдылықтарын жалпыға бірдей орта білім беру деңгейі бойынша толық меңгеруі: ауызекі және жазба тілдегі сөздерді жалпыхалықтық әдеби қалыпқа сай дұрыс қолданып, тілдің орфоэпиялық және орфографиялық қағидаттарын меңгеріп, қазақ тілі мәдениетінің ұлттық сипатын, тілдік ерекшелігін танытатын үндестік заңдылықтарын меңгеріп, олардың коммуникативтік құзыреттілікпен байланысын білуі тиіс.

Бүгінгі тыңдаушы – ертеңгі талапкер, сондықтан да осы аталмыш оқу құралы оларды еліміздің жоғары оқу орындарына түсу үшін тапсыратын сынаққа – кешендік тестілеуге дайындауға арналған. Білім алушылардың назарын тіл дыбыстары мен олардың шартты таңбалары – әріптердің айырмасын салыстыра отырып түсіндіру арқылы дыбыстау мүшелерінің дыбыстарды жасау барысындағы атқаратын қызметтеріне көңіл аударту керек. Дыбыстардың жіктелуін меңгерту үшін дыбыстардың түрлерін талдап оқытуға арналған кестелер мен өткен материалдарды бекіту, пысықтау үшін әртүрлі жаттығу жұмыс-

тары ұсынылады. Сызба кестелер білім алушының қажетті материалдарды тез ұғуына көмектеседі. Оқу барысында тыңдаушылардың жаңа материалды тиянақты меңгеруі үшін бұрынғы өткен тақырыптарды қайталатып, пысықтау мақсатында жаңа сабақ пен өткен сабақтың материалдарын өзара байланыстыра оқыту әдістемесі ұйымдастырылады. Тыңдаушылардың фонетика саласы бойынша алған білімін, сөздік қорын дамыту, әдеби тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру бағытында қазақ тілі сабағын қазақ әдебиетімен, ұлттық мәдениетімізбен, елтану пәндерімен байланыстыра отырып оқуы үшін сұрыпталған материалдар ұсынылды. Білім алушылардың мүмкіндіктерін шығармашылық деңгейде дамытуға бағытталған алғышарттарды оқу-әдістемелік тұрғыдан дәйекті түрде түйіндей алған. Ұсынылып отырған оқу құралын ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде білім алушыларды және талапкерлерді қазақ тілі пәнінің фонетика саласы бойынша тест сынағын тапсыруға дайындау мен қазақ тілін оқытудың бастапқы сатысында және үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс кезінде пайдалануға болады.

Оқу құралы шетелден келген қандастарымызға қазақ тілін үйретумен бірге, оларды тәуелсіз Қазақстанның, атамекенінің қазіргі саяси-экономикалық жағдайына бейімдеуді мақсат етеді.

ФОНЕТИКА

Тіл дыбыстары және фонетика

Қазақ тілінде 38 дыбыс, 40 әріп, 2 таңба бар. Дыбыстарды айтамыз, естиміз. Ал әріптерді жазамыз, көреміз. Әріп дегеніміз – дыбыстарды белгілеу үшін пайдаланатын шартты таңба.

Әріптердің белгілі бір тәртіппен жүйелі түрде тізілген жиынтығын әріппама (алфавит) деп атаймыз.

Тіліміздегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып жіктеледі.

Дауысты дыбыстар саны – 12, төл дауысты дыбыстар – 9, ал дауыссыз дыбыстар – 26. Э, ё, в, ф, ц, ч әріптері мен ь, ъ таңбалары тек кірме сөздерде ғана жазылады. Дауысты дыбыстардың 10-ы – жалаң (монофтонгтар) дауыстылар, ал 2-еуі, яғни у мен и – қосарлы (дифтонгтер) дауыстылар болып табылады.

Дауысты дыбыстар					
тілдің қатысына қарай		еріннің қатысына қарай		жақтың қатысына қарай	
жуан а, о, ү, ы (у,и)	жіңішке ә, е, ө, ү, і, э, (и,у)	езулік а, ә, е, и, ы, і, э	еріндік о, ө, ү, ү, у	ашық а, ә, е, о, ө, э	қысаң и, ы, і, ү, ү, у

Дауыссыз дыбыстар дауыс пен салдырдың қатысына қарай		
қатаң	ұяң	үнді
п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, ч	б, в, г, ғ, д, з, ж, һ	л, м, н, ң, р, й, у
айтылу жолына қарай		
шұғыл	ызың	діріл
б, п, к, г, қ, ғ, т, д, ч, м, н, ң	в, ф, с, ш, з, ж, х, һ, л, й, у	р

Менің Отаным – Қазақстан

Менің Отаным Азияның төріне орналасқан. Жері кең байтақ. Халқымның мінезі де жері секілді кең әрі қонақжай. Қазақстан – табиғи ресурстарға да бай мемлекет. Елімнің болашағы зор.

Отан! Бұл сөз маған өте ыстық. Отан! Мағынасы терең, асыл сөз. Адамның Отаны біреу-ақ. Отансыз адам – тұлдыр жетім. Отан десем, көз алдыма кең жазық дала, тәкаппар таулар, көгілдір көлдер, мөлдір бұлақтар елестейді. Көліктері ағылған, адамдары ары-бері сабылған қалалар, адамдары таң атысымен еңбекке араласатын ауылдар еске түседі. Осы елді мекендерде 129 ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әр ұлттың өз салты, дәстүрі, мәдениеті бар.

Егіні жайқалған кең алқапты әсем ән кезіп барады. Әртүрлі тілде айтылған, айтыла беретін сұлу жыр кең даламды шарлап жүр. Отанымды татулық пен ынтымақтың, ырыс пен берекенің ән мен жыры шарлап жүр. Кең даламның төсін шарлай бер, заңғар аспан астында шарықтай бер, әсем ән мен бейбітшілік жыры!

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

Қазақстанда ... облыс бар. Қазақстанның климаты ... Біздің Алматы облысы ... өңірінде орналасқан. Облыс орталығы – ... қаласы. Алматы қаласы Іле ... бөктеріне орналасқан. Алматы – ... қала. Алматыда әлемдегі ең биік ... мұз айдыны бар. Алматыда ... ғимараттар көп. Біздің университет қалашығы Әл-Фараби даңғылы мен Тимирязев көшесінің ... орналасқан. Әл-Фараби шығыс халқының ... перзенті. Тимирязев – ғылым саласына көп еңбек сіңірген ... ғалым.

Астана қаласы Есіл өзенінің ... орналасқан. Елордамыз Есіл бойына ... жылы ауыстырылды. «Астананың» қала күніне арналған мерекелік нөмірінде «Астана мен Алматының ... 1260 км» және «Бартал-12» деген екі негізгі тақырыппен ... жарияланды. Бартал көне түркі ... «салтанатты, сәнді көш» деген ұғымды білдірген.

Биылғы жылы «Атамұра» ... қазақтың ұлттық дүниетанымын, салт-санасын, этностық дәстүрін, халқымыздың әдеп-ғұр-

пын, мәдениетін өскелең ұрпаққа таныстырып, насихаттайтын энциклопедиялық жинақ ... көрді. Жинақтың ... – белгілі қазақ каламгері, мәдениеттанушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлы.

Отан

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның күдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» – деп сыбырлаған.
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан!
Отан!
Бәрінен де биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

М. Шаханов

!Өлеңді жаттап алыңыздар.

* * * * *

Қазақстан біз сияқты аға ұрпақтың Отаны ғана емес, енді бізден тарап, тамырланып отырған балаларымыз бен немере, шөберелеріміздің де сүйікті Отаны. Мен өзім 1943 жылдан бері осы қасиетті жерде тұрамын. Осында тудым, осында өстім, осы жердің суын іштім, дәмін таттым, енді осында ұрпақ өсіріп отырмын. Ендеше, менің сүйегім қарашай болғанмен, жүрегім қазақ болған адаммын.

Әзіретәли Ибрагимұлы. «Егемен Қазақстан», 2006

Елордаға бардың ба, елдігіңді көрдің бе?

Бәйтеректің түбіндегі қазақұй

Астана – «алтын үзік, ақ отаулар» мекені. Үкілі күмбездері сан керуенді күтіп тұрғандай. Қаладан кеңдік, салиқалылық, сырбаздық сезіледі. Әсіресе Астананың ашық аспаны ұнады. Қиялым көкте жөңкіген асау бұлттарға еркелігі үшін «сыбаға-

сын» беріп, көңілдің қазанына тоғытып алып, түрлі түсті текемет жасағым келді. Бірақ қаланың өзінің де жасауы жарасып-ақ тұр.

Орталықта жүрсеңіз, әр қадамыңызда кездесетін ұлттық сақина-білезіктер көздің жауын алады. «Тағып алыңыз» деп тұрғандай. Көз шағыласар ғимараттар маңы да қалы кілемдей күлпырады. Мұнда гүл де, жасыл шөп те қазақтың оюының шеңберінде өсіп-өнеді. Мұнда «Бәйтеректің» түбінен сіз қазақтың шаңырағын, қазақтың батырын, қазақтың аруын, қазақтың қазанатын кездестіресіз. Бұлар да – жасыл әлемді игерген шебер қолды астаналықтар туындатқан бейнелер.

Жанар Елдосқызы. «Ана тілі» газеті, 2010

1. Мәтінді көшіріп жазыңыз және дауысты дыбыстарды бір бағанға, ал дауыссыз дыбыстарды екінші бағанға теріп жазыңыздар.

2. Ғылыми тұжырымдар мен нақты деректерге сүйене отырып, төмендегі үлгідегі талаптар бойынша Қазақстан Республикасының құрылымына, геосаясаты мен геоэкономикалық мүмкіндіктеріне шолу жасаңыздар.

Үлгі:

Қазақстан Республикасының құрылымы.....

Жер көлемі.....

Мемлекеттік тілі.....

Әкімшілік-аумақтық бірліктері.....

Халқы

Этникалық топтар

Отбасының мөлшері

Өмір жасының ұзақтығы

Ұлттық жалпы өнім.....

Импорт.....

Экспорт.....

Отбасының табысы (жан басына шаққанда +%).....

сауаттылық деңгейі
Климаты
Флорасы мен фаунасы.....
.....

1. Қазақстан Республикасының шетелдермен саяси және мәдени байланыстары туралы әңгімелеңіздер. Баспасөз мәліметтерінен нақты дәлелдер келтіріңіздер.

2. «Қазақстан: кеше, бүгін және ертең». Қазақстанның өткен тарихы мен болашағы туралы ойтолғау жазыңыздар.

3. «Елбасы – ел тұтқасы». Осы тақырып аясында БАҚ құралдарына шолу жасап, қажетті материалдардан үзінді жазып келіңіз.

4. Мына жолдардың авторлары кімдер?

5. «Біз қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Басымыздан құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достықты сақтай білген елміз. Дәм-тұзды ақтай білген елміз...»

6. «Мен әуелі қазағымды жақсы көремін. Одан кейін Сібірді, одан кейін Россияны, одан бүкіл адамзатты жақсы көремін...»

7. Мен де қазақпын жаралған сүйек-еттен,

Менде де ар бар,

менде ой бар жан тебіrentкен.

Халқымның қарапайым бір ұлымын,

Жанымды арым үшін құрбан еткен.

....

1-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып, көшіріп жазыңыздар.

Қазақстан жөнінен дүние жүзінде ... орын алады. Еліміздің ... шекарасының жалпы ұзындығы ... км-ге созылып жатыр. Біздің Отанымыз Азияның ... орналасқан. Мемлекетімізде соңғы санақ бойынша халықтың саны ... млн-ға жетті. Елімізде ... қорық, ... ұлттық саябақ бар. Олардың мың гектар.

Отан – адамның туып өскен жері, елі, мемлекеті болып табылады. Адамның азамат болып қалыптасуы мен өмірі Отанына

байланысты. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Әрбір адам Отанын сүйе, Отан мүддесі үшін қызмет етуге міндетті.

Отаншылдық – өзінің туған халқын, ұлтын сүюді білдіреді. Отанын құрметтеу, қорғау, оның гүлденуі жолында еңбек ету Отанға деген сүйіспеншілікті білдіреді.

Тәуелсіздік – мемлекеттің ішкі және сыртқы істерін өзі шешіп, өзі басқарып іс жүргізуі, өз билігінің өзінде болуы, оған басқа өкіметтің араласуына жол бермейтіндігі, яғни толық саяси тәуелсіздігі мен дербестігі.

«Қазақ тарихы» түсіндірме сөздігінен

2-жаттығу. Мына сөз тіркестерін пайдалана отырып, «**Қазақстан – демократиялық және құқықтық мемлекет**» атты тақырыпта мәтін құрастырыңыздар.

Тәуелсіз мемлекет, демократиялық мемлекет, мемлекет билігі, парламент, елбасы, ел тұтқасы, ішкі саясат, сыртқы саясат, өз территориясы, демократиялық мемлекет, мемлекеттік меншік, мемлекет қауіпсіздігі, мемлекеттік рәміз, заңға қайшы келмейтін, халық қалаулылары, парламент мүшелері, өкімет басшысы, лауазымды тұлғалар, қол сұғуға болмайды, азаматтық құқық, бостандықты қамтасыз ету, мемлекеттік шекараны қорғау, ұлықтау рәсімі, азамат құқығы, толық иеленеді.

?!

1. Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар?
2. Дауысты дыбыстар дегеніміз не?
3. Дауысты дыбыстардың саны қанша?
4. Дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай қалай жіктеледі?
5. Дауыссыз дыбыстар дегеніміз не?
6. Дауыссыз дыбыстар дауыс пен салдырдың қатысына қарай қалай бөлінеді?
7. Әріп дегеніміз не?
8. Дыбыс пен әріптің өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетіңіздер. Нақты мысалдар арқылы дәлелденіздер.
9. Қазіргі қазақ тілінің әріпнамасы қай әріпнаманың негізінде жасалған?
10. XX ғасырдың бас кезінде қазақтар жазуда қандай әріпнамаларды пайдаланған еді?

Қазақстан Республикасының нышандары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы

Еліміздің мемлекеттік рәміздерінің болмысын, мәнін жетік білу, рәміздерді қастерлеу – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының қасиетті парызы.

Мемлекеттік туымыздың түсі – табиғаттағы кең таралған жеті түстің бірі, көк түс. Көк түс – зеңгір аспанның, ауа мен судың түсі. Алғашқы геральдистердің бірі Ансельм жасаған кесте бойынша көк түс – адалдық пен тазалықтың белгісі. Мемлекеттік туымыз тек ғана түстен тұрады, ол – көк түс. Бірыңғай түс мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді. Тудағы күн бейнесі – геральдика заңы бойынша береке мен байлықтың белгісі. Ашық аспан астында жарқыраған күн – еліміздің бейбіт өмірді сүйгіштігінің белгісі. Туымыздағы күн астында шарықтаған қыран бейнесі – азаттық пен бостандықтың, еркіндіктің белгісі. Ұлттық өрнек – қазақ халқының мәдениетін, өнерін, поэтикалық және көркемдік танымын көрсететін айшық. Мемлекеттік туымыздың түсі, көлемі, оның өзіне тән белгілері ата заңымыз – конституцияда бекітіліп, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» Жарлықтың 4-бабында былай деп сипатталған: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы – «1:2».

Мемлекеттік ту – мемлекетке тән ресми белгілердің бірі. Мемлекеттік ту – Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, ҚР Парламентінің, ҚР Үкіметінің, ҚР Министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де атқарушы ұйымдарының, жалпы мемлекеттік мекемелермен қатар жергілікті атқарушы ұйымдардың ғимараттарында, сонымен қатар шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің ғимараттарында ұдайы тігулі тұратын және тағы да басқа ресми жерлер мен ресми жиындарда, әскери ант беру кезінде, кемелерде ұдайы

орнатылатын мемлекеттік рәміз. Жарлықтың 5-бабында Мемлекеттік ту ұдайы тігілетін немесе орнатылатын орындар мен жиындар нақты көрсетіле келе және былай делінген: «...Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тудың өзге де орындарға міндетті түрде тігілуі немесе орнатылуы мүмкін». Мемлекеттік тудың барлық белгілері бар жалаушалар да болады. Жалаушалар келіссөз кезінде үстелге қойылады, ресми қонақтарды қарсы алу және шығарып салу салтанатында машиналарға қада-лынады.

Мемлекеттік туымыздың авторы – Шөкен Оңласынұлы Ниязбеков.

?!

1. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қашан алды?
2. Еліміздің Мемлекеттік нышандары қай кезде қабылданды?
3. Мемлекеттік туымыздың авторы кім?
4. Мемлекеттік тудың күн мен қыран және ұлттық өрнектің бейнелері нені білдіреді?

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

1992 жылғы 4 маусым еліміз үшін естен кетпес тарихи күн болды, себебі бұл күні Республикалық Жоғарғы Кеңес тәуелсіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын: Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасын бекітті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының сипаты – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» Жарлықтың 7-бабында айтылғандай, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі екі түрлі: алтын және көгілдір-көк түсті», – деп жазылған.

Жарлықтың 8-бабында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын қайда орналастыруға және оның қандай қолданыста болатындығы нақты саралап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы керемет әсем, мәні мен мазмұны терең туынды. Мемлекеттік елтаңбаның авторлары – Жандарбек Мәлібекұлы және Шота-Аман Уәлиханов. Мемлекеттік елтаңбада шаңырақ пен жұлдыз және пырақ бейнелері мағыналы құрылым, көркем үйлестік тапқан.

Бұл туралы Мемлекеттік елтаңба авторларының бірі Ж. Мәлібекұлы былай дейді: «... Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босаған берік болсын» деген сөз бар. Осы үш сөз негізге алынды. «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» деп келетін аңыз-жырларды жасымыздан жаттап өскендігіміздің арқасы шығар, елтаңба нышандарын өткен тарихымыздан іздеп, оны бүгінгі күнмен байланыстыру керек болды. Елтаңбадан сол елдің тарихы, дәстүрі, рухы толық танылып тұруы тиіс. Оның пәлсапалық мән-мазмұны айқын ашылмаса болмайды.

...Елтаңбадағы шаңырақты, яғни біздің бейбітшіл Отанымызды қорғау қажет болды. Яғни босағаны берік етуді ойладым. Бұл үшін жеті буыннан тұратын мүйіз тандалды. Жеті буын бір жағы қазақтың «жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі» дегенін аңғарту. Жалпы, қазақ мүйізді қастерлеген. Оған қатысты түрлі ырым-нанымдары аз емес. Пырақтың қанаты бір қарағанда бидайдың бауланған сәтін еске салады.

Әу баста елтаңбаның қақ ортасында жарты ай мен шағыншағын үш жұлдыз бар еді. Талқыға салған кезде сегіз бұрышты, жеті бұрышты, бес бұрышты жұлдыздар ұсынылды. Ақыры бес бұрышты жұлдызға тоқтады ғой. Елтаңбаның конкурсқа жіберілген нұсқасынан ілікпей қалғаны жарты ай мен шағын үш жұлдыз ғана. Қалғанының бәрі талқыдан өтті...» (*«Егемен Қазақстан», 16 желтоқсан 1992 ж.*).

Мемлекеттік елтаңбадағы жұлдыз – халқымыздың қасиет тұтқан киелі аспан әлемінің бір құрамдас бөлігі, түн күмбезінің қараңғылықта жол сілтер шоқтай жанған шамшырақтары. Халқымыздың ұлттық дүниетанымы бойынша, әр адамның өз жұлдызы болады. Түнде жұлдыз аққанын көрген жан, «жұлдызым жоғары», деп айтуы тиіс, себебі жұлдыздың ағуы сол


жұлдыз иесінің жарық дүниемен қоштасуын білдіреді деген ырым бар. Әрбір тіршілік иесінің өмірде жұлдызыды сәттері, яғни жұлдызы жанған кездері болады, сол бақытты шақты дер кезінде бағалай білу керек, уысыңнан шығарып алмауға тырысу керек, сонда адамның бақыты баянды болады. Халқымызда жолы болғыш жандарды «жұлдызы оңынан туғандар» деп айтып жатады. Ардақты азаматы алыс сапарға аттанарда, – айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын соңыңнан» деп, ақ тілекмен шығарып салады. Мемлекеттік елтаңбаның қақ ортасына қазақы киізүйдің шаңырағы мен уығы бейнелеген. Шаңырақ – қызметі жағынан қазақы үйдің бар құрамын біріктіріп ұстап тұратын төбешік, басты бөлшек. Қазақы үйдің шаңырақтан басқа бөліктері жаңаланып өңделе береді. Ал шаңырақ атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп берілетін қасиетті де киелі мұра. Қара шаңырақтың киелі қасиеті отбасының бірлігін сақтайды, үйдің құт-берекесін кіргізеді... Шаңырақтың қазақ халқының дүниетанымында ұғымдық мән» зор, тұрмыс-тіршілігімізде алатын орны өте маңызды. Қазақ елінің өсіп-өну ұйытқысын, ұлттық болмысын, дәстүрлік тәлімін, бірлігі мен береkесін, тұрмыс-тіршілігін бейнелеп, даралап, жүйелі түрде көрсететін Мемлекеттік нышанымыздың (рәмізіміздің) басты бөлігі.

?!

1. Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары кімдер?
2. Мемлекеттік елтаңбадағы шаңырақ қандай ұғымды білдіреді?
3. Мемлекеттік нышандар нені білдіреді?
4. Қазақстан Республикасының гимнінің (әнұранының) сөзін, музыкасын кімдер жазды?
5. Қазақстан Республикасының алғашқы гимнінің (әнұранының) сөзін, музыкасын кімдер жазды және ол қашан өзгертілді?
6. Мемлекеттік нышанның мәні мен маңыздылығы туралы өз ойларыңызды айтыңыздар. Олардың қажеттілігі неде?

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕМЛЕСІ

А, ә дауысты дыбыстарының емлесі



1-жаттығу. Көп нүктенің орнына а немесе ә әріптерінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Атамекен. Туған жер

Жеті ж...сқа толғанымда, ...кем мені ...уылдың төменгі ж...ғындағы ескі үйдің жұртын... апарды, жерге ...унатты.

- Кіндік қ...ның тамған жер осы ара. Ұмытпа! – деді әкем
- Атамекен бе? – деп сұрадым. Әкем басын шайқады.
- Атамекен деп ата-бабасының ежелгі қонысын айтады.

Ол алыста.

– Сонда қалай, атамекен мен туғ...н жер – екі бөлек нәрсе ме?

– Әрине. Сен осы ...уылда дүниеге келдің. Демек, бұл – туғ...н жерің. Ал атамекенің – сонау Көкшалғынның бойы. Өйткені, туғ...н-туыст...рың сол жақта тұрады.

Мен сенер-сенбесімді білмей ...ңырып қалдым.

– Балам-...у, оның түсінбейтін несі бар? - деді әкем. – Мысалы, Болат інің Башқұртстанда туған жоқ па? Егер одан біреу атамекенің қ...й жерде деп сұраса, Қазақстанды айта ма, әлде Башқұртстанды айта ма?

Ойл...нуғ... тура келді.

1. Ауыл, аунатты, тура, туған, біреу сөздеріндегі у дыбысына сипаттама беріңіздер.

2. Атамекен, туған жер, отан сөздерінде неше дыбыс, қанша әріп бар екенін анықтаңыздар.

2-жаттығу. Башқұртстан, Көкшалғын сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыз. Үлгі:

А	дауысты	жуан	езулік	ашық

3-жаттығу. Ә әрпіне аяқталатын сөздерге қосымша жалғап жазыңыздар және олардың жазылу емлесін есте сақтаңыздар.

4-жаттығу. Сөйлемді толықтырып, көшіріп жазыңыздар.

Жеті жасқа толғанымда, .. мені ескі үйдің жұртына апарады.
Әкем ... жерге аунатты. Атамекен дегеніміз – ата-бабамыздың
Сенің атамекенің – сонау Біздің туысқандарымыз тұрады.
Менің інім Болат Башқұртстанда

Қажетті сөздер: мені, ежелгі қонысы, әкем, туған, Көкшал-
ғынның бойы, сол жақта.

Ойлан, тап!

Ағашта үшеу,
Талда екеу,
Шөпте нешеу? Ол не?

Әкенде бар, ананда жоқ,
Ананда бар болса, әкенде жоқ,
Әкпенде бар болса, ағанда жоқ,
Ағанда бар болса, әкпенде жоқ,
Ол не?

Айналдым сенен, Атамекен

*Өлеңін жазған Ш.Сариев
Әнін жазған Ж.Тұяқбаев*

Кең далам!
Толғанайын, толғайын,
Домбырамды қолға алайын, жырлайын.
Қазағымның даласындай,
Көзімнің қарасындай,
Айналдым сені, Атамекен-ай!
Теңіздей тебірендім, тербедің,
Сапарда сағынышым сен менің,
Дүние сырларындай,
Мөлдіреп тұрғанындай,
Айналдым сені, Атамекен-ай!

Қайырмасы:
Бақыт тұнған күндер-ай!
Жұлдыз тамған түндер-ай!
Өзің куә өмірде,
Кімдер өтті,
Кімдер-ай!
Атамекен-ай!

Ғажап-ау!
Атамекен ғаламат,
Бір саған
Тағдырымыз аманат,
Қымбатты даламыздай,
Сымбатты анамыздай,
Айналдым сені, Атамекен-ай!
Арымдай, тірегімдей,
Жанымдай, жүрегімдей,
Айналдым сені, Атамекен-ай!

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Көп нүктенің тиісті әріпті қойып мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Атамекенді танытар «Атамекен»

Астанада бас сұғып, баратын жер аз емес, ол...рдың ішінде ешбір қаламызда қайталанбайтын кереметтер де бар. Сол...рдың бірі – «Атамекен» тарихи-т...нымдық кешені. Саябақ Қазақстанның аумағының д...л көшірмесін жасаған. Оның ішіне бүкіл ірілі-үсақ қалаларымыздың ғана емес, ондағы б...сты ғимараттарды, облыс көлеміндегі ескерткіштерді, өзен-көлді, тау-тасты жайғастырып қойған. Азғана уақыттың ішінде Маңғыстауда болып, ондағы көне мешіттерді, Каспий жағалауындағы аққуларды, Семейге сапар шегіп, Абай-Шәкәрім кесенесін, Түркістанға жетіп Яссауи мавзолейін тамашалай аласыз. Астананың жеке картасы да саябақ ішінен орын тепкен.

Қаладағы т...ғы бір ерекше ойын-с...уық орны – «Дум...н» кешені. «Құдай қазаққа бар байлықты берген, тек мұхитқа шығар жол ғана жоқ» дейтін біраз аға-әпкелеріміз. Бүгінде Астанада мұхит болмаса да, ...лып стихияны бақылайтын мүмкіндік бар. «Дум...нд...ғы» акула сынды жыртқыш б...лықта...р ересектердің өзін селт еткізсе, үс...қ майшабақтарды көргенде сәбилер қолын созып, мәз-мейрам бол...ды.

Жанар Елдосқызы. «Ана тілі» газеті, 2010

2-жаттығу. Төмендегі сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар! Осы сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыздар.

Атамекен, мавзолей, саябақ, көне, думан, сауық, мұхит, стихия, әпкелер, бүгін, балық, сәбилер, ғимарат, мәз-мейрам.

?!


1. Яссауи, стихия сөздерінде неше дыбыс, неше әріп әріп бар?
2. Отан, туған ел туралы он шақты мақал-мәтел жаттап және олардың мазмұнына талдау жасап келіңіздер.
3. «Атамекен аясында» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңыздар.
4. Кеңістік пен мекен ұғымына қатысты атауларды жазыңыздар.

Дана ойдан шыққан асыл сөз

Күн жиылып ай болады, он екі ай – жыл,
Жыл жиылып, қартайып қалғаны – бүл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл.

Абай

Ә дауысты дыбысының емлесі



Атамекен

Х...лықтық ұғымда туған жерден қасиетті, одан асқан киелі ешн...рсе болған емес. Сондықтан да қ...терлі сапарға аттанарда немесе ел басына күн туып, уақытша қоныс аударған кезде кіндік кесіп, қаны тамған жердің бір уыс топыр...ғын ата-бабамыз ...рқашан өзімен бірге ала жүрген. Сондай-ақ, бір кісісі шет өлкеде қ...йтыс болса, уақытша жат топыраққа тапсырғанымен, кейінірек сүйегін туған жеріне ...келіп, ...рулап жерлейтін д...стүр болған.

Ата-бабамыздың түсінігінде: «Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық».

...Атақты батыр Хангелді баласы Райымбекті 16 жасқа толғанда, «С...лем беріп, батасын алып қайт» – деп Төле биге жұмсапты. Төле биге с...лем беріп, елдің с...лем-сауқатын жеткізіп, қонақ болған Райымбек аттанар с...тте дана қартқа мынандай сауалдар қойыпты:

Жер дегенім немене?
Ел дегенім немене?
Жер сәні деген немене?
Ел сәні деген немене?
Жерді не көтереді?
Елді кім көтереді?

«Наурыз: Жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабынан

?!

1. Көп нүктенің орнына а немесе ә әрпінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.
2. А және ә әріптерінің емлесі туралы айтыңыз, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын атап көрсетіңіздер.
3. Райымбек батырдың сұрақтарына сіздер қалай жауап берер едіңіздер?
4. Берген жауабыңызды кітапқа карап, бидің жауабымен салыстырыңыздар.
5. Райымбек батыр туралы не білесіздер?
6. Төле биден басқа тағы да қандай билерді білесіздер?
7. Билердің қазақ елінде атқарған қызметі қандай еді?
8. «Тура биде туған жоқ, туғаны бар биде иман» жоқ деген аталы сөздің мәніне талдау жасаңыздар.
9. Кейіпкерге әкесінің сұрағына жауап беруге көмектесіңіздер.
10. Отан, атамекен, туған жер сөздеріне анықтама беріңіздер.
11. Нақыл сөздерді жаттап алыңыздар.

12. Мына аталы сөздердің мағынасына көңіл аударыңыз, беретін мәніне талдау жасаңыздар.

Дана ойдан шыққан асыл сөз

*Отан үшін отқа түссең күймейсің.
Ер елі үшін туады, елі үшін өледі.
Өзге жерде сұлтан болғаниша,
өз еліңде ұлтан бол.
Туған жерге туынды тік.
Туған елдей ел болмас,
Туған жердей жер болмас.
Ел іші – алтын бесік.
Жердің сөні – егін,
Ердің сөні – білім.
Ұлтарақтай болса да,
Ата қоныс жер – қымбат.
Ат төбеліндей болса да,
Туып-өскен ел – қымбат.*

(Халық даналығы)

* * * * *

1-жаттығу. Өлеңді жаттап алыңыздар.

Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер қадірін, ел қадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылығына,
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балаң ойдың желкенін,
Қинаса да қикар соқпақ қиыс жол
Өзің туған қасиетті өлкенің,
Ауасынан дем алуға тиісті ол.

2-жаттығу. Мәтіннен дауысты дыбыстарды түрлеріне қарай теріп, баған түрінде жазыңыздар.

Дем алып қана емес, туған жерінің бүкіл бітім-болмысын, сыр-суретін жаттауы, жүрек айнасынан өткізуі керек. Сонда ғана туған жерін сатпайтын, қандай қиын кезеңде де өз тағдырынан ел, жер тағдырын биік қоятын іргелі азаматқа айналады.

Міне, туған өлкенің адам өміріндегі рөлі осы. Байтақ Отанға деген үлкен махаббат өзің өскен даланың өзен-көлін, қанатты-


қанатсыз жәндіктерін аялаудан, өзің сан рет жалаңаяқ жүгірген жусанды қырды сағынудан қалыптасса, ал қатыгездік те өзінді баулыған өлкенің әсем көліне шиша сынығын лақтырудан, ай мойын аққуларына тас атудан басталса керек.

Қашан да азамат тағдырының басты бөлшегін өзінің туған жері кұрайды. Дала – біздің ұлы ұстазымыз. Дала перзенттерінің бай мінезімен, бой-бітімімен танысқысы келген жан алдымен мына қарапайым даланың сұлу көріністеріне назар аударсын. Өйткені сұлулық – адам аралық қатынастардағы еншісі бөлінбеген ортақ байлығымыз.

Мұхтар Шаханов

?!

1. Жер қадірі, ел қадірі, әнтек қылық, бітім-болмысы, жүрек айнасы, жалаңаяқ жүгірген, ұлы ұстаз, дала перзенті сөз тіркестерін қатыстырып, тақырып бойынша сөйлем құраңыздар.
2. Отан, туған жер жайлы қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді еске түсіріңіздер.
3. Перзент, кикар, киыс сөздеріне мәндес сөздерді жазыңыздар.
4. Қарапайым, тағдыр, қадір сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
5. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, Қазақстан табиғаты туралы шағын мәтін жазыңыздар.
6. Ә дыбысына фонетикалық талдау жасап, диаграмманы толтырыңыздар.



3-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, мына сөздерді толықтырып жазыңыздар.

1. Бұл жерге қатысты д...у. Ертегі кейіпкері – жалғыз көзді д...у.

2. Алты – жүп с...н. Мына көйлек заманауи с...н үлгісімен тігілген.

3. Балжан бүгін сабақтан бес ...лды. Марат досынан гөрі ...лді екен.

4. Жиналысқа ...з адам келді. Армысың, ...з Наурыз!

5. Қызым, қазанға етті мол с...л. Айжан, с...л кідірші.

6. Тоқтарсың, аяғыңды жылдам б...с. Олар бәйгеде қай ат-тың бірінші келетініне таласып, б...с тікті.

* * * * *

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа жүруге.
Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой,
Бес асыл іс көнсеңіз.

Абай

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Мәтіннен е, э әріптері бар сөздерді көшіріп жазыңыздар.


Қазақстан: кеше, бүгін, ертең

Сахара дала. Сайын дала. Әлемнің бар сұлулығын бойына жиған кең дала. Қыста – қыстауға, көктемде – көктеуге, жазда – жайлауға, күзде – күздеуге көшіп-қонған көшпенділер мекені болған бұл дала. Талай сырдың куәсі болған, талай-талай шапқыншылық пен қиянкескі күресті басынан өткізген, небір зұлматтан аман қалған, қазақ халқының ғасырлар бойғы арманын, ата-бабаларымыздың асыл мұрасын ұрпағына аманат етіп жеткізген қайран дала!

Өзінің ұзақ ғұмырында не көрмеді бұл дала? Алыстан көздің жауын алып айна көлдері жалтырайды. Туған жердің төсіне аунап қайт деп, туған жерінің таза ауасын жұтып қайт, атамекеніңе барып аунап-қунап қайт деп, атамекеніңнен бойына қуат алып, күш-қайрат жиып қайт деп, асқар-асқар белдері қол бұлғап шақырады жат жерде жүрген ұрпағын. Әлдеқайдан бозторғайдың шырылы естілді. Жыланға арбалып қалды ма екен? Белуарына түскен ақсақалын дала самалы желпілдеткен қария жасаураған көзін қайта-қайта сүртеді. Ұшы-қиыры көрінбейтін кең сахарада бейуақта кезіп келе жатқан бұл жиһанкез кім екен? Келер ұрпақ қамын жеген, ел-жұртына жерұйығын іздеген Асан қайғы атамыз ба, бізге, бүгінгі буынға, сайын даланың сиқырлы сазын, асыл мұрасын табыстайын деп келе жатқан әлде көшпенділер әуені мен өнерінің таусылмас қайнар көзі – Қорқыт атамыз ба екен? Бұл өлке – адамзаттың алыбы, Тұранның ұлы ұлдары: әл-Фараби мен Шоқанды, Абылай мен Бұқарды, Төле менен Қазыбек, Әйтекені, Райымбек пен Қабанбайды, Абай менен Жамбылды, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы сынды қайсар рухты ұрпақтарына өмір сыйлаған ұлы өлке. Қасиетті топырағына сай халқын кең пейілді, парасатты етіп жаратқан, туған жерін қаһармандықпен қорғап қалған күрестің нәтижесінде Отан-Ана болып отырған атамекен – бұл қазақ елім. Кеше ғана сары уыздың мейіріне қанбаған қатпа қозыдай болған қазағым ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізді. Өркениеті мен экономикасы дамыған, айбарлы Астанадай елордасы бар іргелі ел болдық. Елбасының көрегенділігі және парасатты саясаты мен елімізді мекен еткен ұлттардың татулығы жарасқан ынтымақтастығының арқасында еліміздің күннен-күнге әлеуеті артып, экономикасы гүлденген мемлекетке айналды.

Кез келген елдің елдігін, біртұтастығын танытатын қасиетті бес ұғым бар. Олар: тілі, ділі, діні, тарихы, атамекені. Қиынқыстау кезеңде найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, даналық парасаттылықпен сақтап, бізге жеткізген ата-баба аманатын кір шалдырмай келер ұрпаққа табыстау – біздің, бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Е дауысты дыбысының емлесі



?!

1. **Көкжиек, бейуақ, қасиет, елорда** сөздерінің құрамына дыбыстық талдау жасаңыздар.

2. Көктем, күздеу, көшпенді, көрінбейтін, көреген сөздерін айтылуы бойынша жазыңыздар.
3. *Сары уыздың мейіріне қанбаған қатпа қозыдай* сөз тіркесінің мәніне назар аударыңыздар.
4. Е әрпінің емлесін сипаттап айтып беріңіздер.


О, ө дауысты дыбыстарының емлесі

О әрпі

О дыбысын таңбалайды:
айтылуы – отан, оймақ, орташа;
жазылуы – отан, оймақ, орташа

буын талғайды, қазақтың төл дара сөздерінде соңғы буында жазылмайды, о әрпіне сөз аяқталмайды: орман, қорық, тек күрделі сөздердің соңғы буынында жазылады; қор-қор, т.б.

кірме сөздерде буын талғамайды және -ов болып аяқталған кісі тектерінде соңғы буында кездеседі және аяқтала береді: кино, спорт, динамо, Оспанов, Айбаров



1-жаттығу. Көп нүктенің орнына *о не ө әріптерінің* тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Дәрумендер қоймасы

Шығыс Қазақстан ...блысындағы Зайсан ауданында шырғанақ ...сімдігі ...седі. Ғалымдардың айтуынша, 100 грамм шырғанақта 400 миллиграмм дәрумен бар. Емдік қасиеті ж...ғары әрі дәрумені м...л саналатын лимонның 100 грамында 60-70 миллиграмдай ғана дәрумен б...лады. Ал шырғанақты халық медицинасында жара, күйік, асқазан ауруларымен қатар бейдауа дерттің де алдын алу үшін кеңінен қ...лданады. Сол себепті де шырғанақ өсімдігін дәрумендер қоймасы деп атасақ қателеспейміз.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қойып, көшіріп жазыңыздар.

Тамырсыз өсімдік

Орталық және ...ңтүстік Америкада тияляндия деп аталатын ...сімдікті кез келген жерден кездестіре аламыз. Кейде ол электр

желісіне де ілініп тұрады, бірақ қурамайды. Әңгіме мынада: бұл ...сімдіктің тамыры б...лмайды. Ол ...зіне қажетті қ...ректік затты жапырақтарына ауаны сіңіру арқылы алады. С...ндықтан да ол кез келген жерде ...се береді. Тек қана ауада ылғал жеткілікті б...лсын деңіз («С.Қ.» газетінен).

1. Біздің елімізде де ғажап өсімдіктер бар ма?
2. Табиғаттың қандай таңғажайыптарын білесіздер?
3. О мен ө дыбыстарын қатыстыра отыра дыбысталуы ұқсас сөздер жұбын тізіңіздер. Үлгі: қол – көл, соз – сөз, т.б..
4. Көп нүктенің орнына о немесе ө әріптерінің тиістісін қойып, мәтіндерді көшіріңіздер

3-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыздар. О және ө әріптерінің жазылу емлесіне тоқталыңыздар.


Капустадағы қияр

Халық арасында жас баланың ата-анасы «сені капустадан тауып алдық» деп алдайтын әзіл бар. Шындығында, бұл с...здің негізі бар екен. Бұрынғы кезде шаруалар жеке меншік бақша-сындағы капуста арасына қияр егетін б...лған. Қияр түйнектеген кезде ...ны сабағынан үзбей, жаңа ...сіп келе жатқан капуста жапырағының арасына салады. Жапырақ үлкейген сайын қиярды ішіне салып, жаба түседі. Капуста піскен кезде ...ның ішіндегі қияр бірге үзіледі. Қыс ...ртасында капустаны жарып, ...ның ішінен жақсы сақталған жас қиярды алуға б...лады. Міне, әзілдің негізгі шындығы ...сында жатыр («Бал.өң.» газетінен).

1. Бұл әріптер буын талғайды ма?
2. О және ө дыбыстарына фонетикалық талдау жасаңыздар.
3. Сөздің басқы буындарында еріндік о, ө дыбыстары келсе, одан кейінгі буындарда келген қандай езулік дыбыстар өзгеріске ұшырап айтылады? Мысалдар келтіріңіздер.

2-жаттығу. Қазақ тілінде оңынан да, терісінен де оқысаңыздар, өзгермейтін біраз сөздер тобы бар. Осындай сөздерді тауып жазыңыздар. Мысалы, қазақ, қызық, қырық, ана, т.б.

3-жаттығу. Талдықорған сөзінің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, сөздер тізбегін жазыңыздар.



Ү, ү дауысты дыбыстарының емлесі

1) Ү, ү әріптері буын талғайды. Бұл әріптер көбінесе сөздердің бастапқы буындарында жазылады. Мысалы, құдай, ұран, ұзындық, ұлы, құлақ, құрық, мұқаба, бұлғын, мұнай, ұнасымды, үлкен, үйрек, үлгілі, үлпілдек, сүйінші, үлпершек, үлес, үзенгі, мүдде, үтік.

1) Ү, ү әріптері санаулы сөздерде ғана ортаңғы немесе соңғы буындарында жазылады. Жалаң сөздер: мазмұн, бұл-бұл, мақұлдату, байғұс, нақұрыс, мағлұмат, дүлдүл, мәжбүр, дәстүр. Біріккен сөздер: жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, аққұтан, басқұр, көкқұтан; кісі есімдері: Айгүл, Назгүл, Әлім-күл, Есенкүл.

Ү, ү әріптеріне сөз аяқталмайды: Құзыр, күлгін, күн.

2) Ү,ү әріптері жазуда ү,ү дыбыстарын таңбалайды, мысалы, ұрпақ, ұран, түр, қарақұрт, құрал, құлу, түр, түс, жүз.

Алайда сөздердің басқы буындарында еріндік дауыстылар (о, ө, ү, ү, у) келсе, одан кейінгі буындарда келген езулік ы, і дыбыстары еріндік дауыстылардың әсерінен өзгеріске ұшырап, ы-ү, і-ү болып айтылады, ал жазуда ы, і әріптері сақталады. Мысалы, айтылуы: бүлгүн, күлүн, көрүн, өмүр, жазылуы: бүлғын, құлын, көрін, өмір.

Орман – ұлттық байлығымыз

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар, мазмұнын өз сөздеріңізбен жазыңыздар.

Жасыл орман – жан саясы

Ғалымдар даладаға бір текше метр ауада 25 грамм шаң болатындығын есептеп шығарды. Ал орманда ешқандай шаң болмайды. Орман ...лкен фильтрлі алып шаң тартқыш, ауа тазартқыш сияқты. Бір ғана мысал, жыл сайын бір гектар жердегі қарағай отыз алты, емен – елу алты, жылтыр с...р қабықты қатты ағаш (бук) алпыс ...ш тонна шаң ұстайды екен. Орманды жердегі бір текше метр ауада төрт ж...з тоқсан бактерия болады екен. Ғалымдар б...л цифрдың ...лкен қалаларда отыз алты

мыңға дейін жететіндігін есептеп шығарды. Қалалар мен елді мекендерде жасыл желек неғ...рлым көп болса, соғ...рлым ауа таза болады. Жасыл орман – адам баласының жан саясы (*«Қазақ әдебиеті» газетінен*).

!

1. Көп нүктенің орнына ү, ү әріптерінің қажеттісін қойып жазыңыздар.
2. Мына сөйлемдердегі сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз. Қалалар мен елді мекендерде жасыл желек неғ...рлым көп болса, соғ...рлым ауа таза болады. Жасыл орман – адам баласының жан саясы.



2-жаттығу. Құрамында ү немесе ү әріптері бар сөздерді көшіріп жазыңыздар.

Саябақтар шеруі «Саябақтар шеруінің» тарихы

«Саябақтар шеруін» тойлау дәстүрі ХІХ ғасырдың 40-жылдарында бастау алған. Жерді қорғауға байланысты алғашқы акция 1840 жылы өткізілген. Дж. Стерлинг Мортон өзінің жанұясымен Небраск (АҚШ) штатына келгенде, олар шексіз даладан енді құрылыс материалдарына кететін жалғыз ағаштарды ғана көреді. Бұл көрініс отбасы мүшелеріне ұнамай, ерлі-

зайыптылар алаң ағаш отырғызуды қолға алады. С. Мортон 1872 жылы Небраска аймағының хатшысы болып қызмет атқарып жүргенде, қала халқын жаппай көгалдандыруға шығарып, ағаш еккізу керектігі туралы өзінің ұсынысын айтады. Ұсынысты басшылық қолдап бір күнде миллиондаған ағаштар отырғызылады.

1882 жылы Небраскада 22 сәуірді «Ағаш» (Терек) күні деп жарияланады.

1970 жылдан бастап бұл күн «Жер Күні» деген жаңа атауға ие болды. 1990 жылдан бері АҚШ-та жер мен күннің құрметіне ұлттық саябақтар салына бастады. Қазіргі уақытта бұл мерекені қолдаушылар қатары жетерлік. Бірақ жыл өткен сайын аты өзгеріп, «Саябақтар шеруі» дегенге тоқталды. 1995 жылдың 21-23 сәуірінде Американың ұлттық саябақтары мен табиғатты қорғау ассоциясы алтыншы рет Саябақтар шеруін өткізді. Америкада 1995 жылы Саябақтар шеруіне 9000 қаладан миллионнан астам халық қатысып, есте қаларлық экологиялық күн жасайды. Шеру тек ағаш егумен шектелмейді, бұл жерде кино фестивальдар, пресс-конференциялар, экскурсиялар және басқа да шаралар өткізіледі. Еріктілер тарапынан 2,25 миллион доллар жиналып, саябақтарға қаржылай қолдау көрсетіледі. Осындай шараларға қатысу американдықтар үшін мәртебелі іс болып табылады. 1997 жылы Саябақтар шеруі бұрынғы КСРО территориясын түгел қамтыды. Акция күндері ақпараттандыру жұмыстары, дөңгелек үстелдер, экологиялық сабақтар, семинарлар, көрме ұйымдастыру, экологиялық соқпақтарды абаттандыру, экологиялық десанттар, т.б. шаралар өткізілді. Жыл сайын осы уақытта шығармашылық байқаулар жарияланады, мұнда тек балалар емес, үлкендер де атсалысады. Ең кішкентайлары – 3-4 жастағы балалар бақшасының тәрбиеленушілері. Қатынасушылардың үздік жұмыстарын экологиялық бағыттағы көрмелерге, автобустар мен трамвайларды безендіруге қолданатын еді.

«Саябақтар шеруінің» мақсаты

«Саябақтар шеруінің» мақсаттары:

- қоғамды, үкіметті, ақпарат құралдарын және бизнесті, ерекше қорғалатын аймақтарды қорғау және шын мәнінде оған көмек көрсетуге, проблемаларды көруге шақыру, тарту;

- ерекше қорғалатын аймақтар туралы қоғамда оң көзқарас қалыптастыру;
- оларды қолдау жолдарын қарастыру;
- елімізде экологиялық мәдениеттің деңгейін көтеру;
- әрбір адамды қорықтарды ашуға, өзінің іс-әрекеті арқылы соның дамуына үлес қосуға тарту;
- еліміздегі табиғатты қорғауға бағытталған қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.

Облыстық экологиялық-биологиялық орталық «Саябақтар шеруінің» координаторы болып табылады (*«Гүлстан» журналынан*).

1. Саябақтар шеруі дегеніміз не?
2. Ү, ү әріптері соңғы буында жазылады ма?
3. Ү, ү әріптері буын талғайды ма?
4. Ү, ү әріптерімен сөздер аяқталады ма?
5. Сөздің басқы буындарында еріндік ү, ү дыбыстары келсе, одан кейінгі буындарда келген қандай езулік дыбыстар өзгеріске ұшырап айтылады?
6. Еріндік дауыстылардан кейін келсе, езулік е, ы, і дыбыстары айтылғанда өзгеріске ұшырайды, ал жазылғанда ше?
7. Мәтінге жоспар құрыңыздар.
8. Мәтіннің мазмұнын қысқаша конспектілеп алыңыздар.
9. Мәтіннің жалпы мазмұнын ашатын басты сөйлемді тауып көрсетіңіздер.
10. Қазақ тілінде о, ө, ұ, ү дыбыстарына сөздер аяқталады ма?

Сөздердің алғашқы буынындағы о, ө, ұ, ү, у еріндік дауыстылары кейінгі буындардағы келген е, ы, і езулік дауыстыларына ықпал етуін, олардың еріндік дауыстыларға бейімделіп айтылуын (е ~ ө, ы ~ ұ, і ~ ү) қазақ тілінде ерін үндестігі деп атайды. Мысалы,

жазылуы:	айтылуы:
өзен	өзөн
күрек	күрөк
ұзын	үзүн
күзгі	күзгү

Ойлан, тап!

1) АҚШ – 3,
Қытай – 5,
Қазақстан – ?

3) әке – 1,
ұл – 1,
шеше – ?

2) АҚШ – 1,
Ресей – 2
Қазақстан – ?

4) бақыт – 5
береке – 6,
күт – ?

5) әке – 1,
шеше – 2,
бала – ?

6) ұлдар – 2,
қыздары – 3,
балалар – ?

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына ы, і әріптерінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Денсаулық – басты байлық

Тіс – адамның көрк.... Аппақ та түзу тіст... жандард... халқ...м...з «тіс... – аппақ маржандай» екен деп, сүйс...не қолпаштап жатад.... Тіс адам ажар...на ш...рай ғана беретін мүше емес, сау тіс – денсаул...қт...н да кеп...л.... Адам ағзасына әбден шайнап жеген ас қана пайдалы болып таб...лад.... Тамақтан...п болғаннан кей...н м...ндетт... түрде ауыз қу...с...н қанж...л...м сумен шай...п тастаған лаз...м. Себеб... тіс арасында қалған майда ас қалд...қтар... тіст...ң эмал...н бұзад... және т...ске күрт түсу...не әкел...п соғад.... Сонд...қтан да т...сті күн...не ек... рет тіс қой...ртпағ...мен немесе т...ске арналған ұнтақпен жу...п тазалап жүру қажет. Тіс сау болу үш...н тек тіст... жуумен шектел...п қана қоймай, оны күтуд...ң басқа да қарапайым қағидаларын есте ұстап, түт...нған жөн. М...салы, ...ст...қ аст...ң арт...нан б...рден салқ...н тағамдард... және кер...с...нше салқ...н тамақтан кей...н ...ст...қ тамақт... іш...п-жеуге болмайд.... Сон...мен қатар жаңғақт..., өр...қт...ң сүйег...н тіспен шағуға, шөлмект...ң т...ғ...н...н т...спен ашуға және де тіст... тем...р заттармен шұқ...лап тазалауға болмайд.... Себеб... бұндай әрекеттер т...ске зиянын тиг...зед..., тіс шытынап кет...п ауруға

шалд...ғу... мүмк...н. Ал егер тіс...ң...з ау...рса, дәр...герге бар...ң...з. Тіс...ң...з ау...рмаса да, ж...л...на ек... рет бар...п тіс маман...на көрген...ң...з лаз...м.

Ы, і дауысты дыбыстарының емлесі

1) Ы, і әріптері буын талғамайды, сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы, ынтымақ, ырыс, болымды, ықылас, маусым, уылдырық, оқушы, егістік, елші, келісім, ілгіш, ірімшік, киім, жүзік, көрші, білгір, екінші, білекті.

2) Кейбір сөздердің соңғы буынында келген ы, і әріптері қосымша жалғағанда түсіп қалады. Мысалы:

А) Халық, бөрік, мұрын, орын, көрік, құлық, ерік, ерін деген сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанған кезде түбірдегі ы, і әріптері түсіп қалады.

Халық +ы – халқы, бөрік+і – бөрікі, мұрын+ы – мұрны, орын+ы – орны, көрік+і – көркі, ерік+і – еркі, ерін+і – ерні.

Ескерту. Адамның құлқы, оқушының мінез-құлқы, кісінің көркі дегенде ы, і әріптері түсіп қалады да, ал құлақтың құлығы, ұстаның көрігі деген сөздерде ы, і әріптері түсіп қалмайды, сақталады.

Ә) Ойын, орын, қиын, қиын сөздеріне етістік тудыратын -а жұрнағы үстелген жағдайда түбірдегі ы, і әріптері түсіп қалады. Мысалы ойын+а – ойна, орын+а – орна(т), қиын+а – қина.

Б) Екі, алты, жеті сан есімдеріне жинақтық сан есімнің -ау/еу жұрнақтары жалғанғанда, сөз соңындығы ы, і әріптері түсіп қалады. Екі+еу – екеу, алты+ау – алтау, жеті+еу – жетеу.

В) Ы, і әріптеріне аяқталған етістіктерге қимыл-атау (тұйық (етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда сөз соңындағы ы, і әріптері түсіп қалады. Оқы+у – оқу, тоқы+у – тоқу, ері+у – еру, кемі+у – кему.

3) Ы, і дыбыстары сөздердің құрамында еріндік дауыстылардан кейінгі буында келсе, айтылғанда өзгеріске ұшырап, еріндік дауыстыларға бейімделіп ы-ү, і-ү болып айтылады, бірақ та жазғанда ы, і әріптері сақталады. Мысалы, айтылуы: отыр, орын, ұзын., күлкі, үкі.

2-жаттығу. Денсаулық туралы мақал-мәтелдердің мағынасына талдау жасаңыздар.

Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – бес саулық.
Дені саудың – жаны сау.

Тазалық – денсаулықтың кепілі.

Халық даналығы

1. Ы, і әріптері р, л әріптерімен басталған қай сөздердің алдында естілгенімен, жазылмайды? Мысалдар келтіріңіздер.

2. Бастапқы буындарда еріндік дауыстылар келсе, олардан кейінгі буындарда езулік ы, і дыбыстары айтыла ма?

3. Сөздердің басқа буынында еріндік дауыстылар болса, ал кейінгі буындарда келген ы, і әріптері жазуда сақтала ма?

4. Төменде берілген сөздерді қатыстыра отырып сөйлемдер құраңыз және олардың жазылу емлесін есте сақтаңыздар.

Ырыс, ықылас, ылди, ылғи, ық, ықылым заман, ықтасын, ынтымақ, ынта-жігер, ыстық, ысыту, ысылу, ыдыс, ырың-жырың, ызың, ысылдау, ысқырық, ыржию, ырық, ыза, ымыра, ымырт, ылдым-жылдым, ылғал, ырылдау, ырым, ыңыршақ.

Рахмет, рай, разы, риза, рақат, рас, рақым, рұқсат, рамазан, рауан, рух, руханият; лай, лайық, лазым, лас, лау, лашық, лыпылдау, лобыды, лоқсу, лагынет, лақ, лаң салу, лақат, лагу, лашын, сықақ.

3-жаттығу. Көп нүктенің орына ы және і әріптерінің тиістісін қойып, мәтіндерді толықтырып көшіріңіздер.

Адам және күн

Күн адам ағзас...на зор әсер етед.... Күн сәулес...н дүр...с каб...лдаған жағдайда адамн...ң көң...л-күй... көтер...л...п, зат алмасу... жақсарад.... Түрл... ауруларға қарс...л...ғ... арт...п,

ағзан... ш...н...қт...рад.... Қан құрам...н...н дүр...сталу...на әсер етед.... Үйқ...н... жақсартад.... Тәбетт... артт...рады. Жалп... денсаул...қт... түзейд.... Тер...де «Д» витамин...н құрайд.... Б...рақ күнге ұзақ қ...зд...р...нуға болмайд.... Ульттрақ...з...л сәулелер...н мөлшерден тыс қаб...лдау денсаул...ққа зиянд.... Бас айнал...п лоқсу, құлақ шулап, дененің дел-сал бол...п ауру... – күн қағуд...н белг...с.... Қатт... күн қаққан жағдайда адам өл...п кету... де мүмк...н. Ондай кезде ауруд... тез салқ...н жерге көш...р...п, ки...м...н шеш...п, денеге су...қ компресс, маңдай...на мұз басу керек. Дерев дәр...гер шақ...р...п, ауруханаға жөнелткен жөн («Қазақ күнтізбесінен»).

?!

1. Ы, і әріптері буын талғай ма?
2. Қандай жағдайларда түбірдегі ы, і әріптері түсіп қалады, ал қай сөздерде сақталып жазылады?

4-жаттығу. Құрамындағы дауыстылары тек ы немесе і әріптерінен тұратын сөздер қатарын жазыңыздар. Мысалы, ырысты, білімді, т.б.

5-жаттығу. Төменде берілген сөздерді қатыстыра отырып сөйлемдер құраңыз және олардың жазылу емлесін есте сақтаңыздар.

Ірі, іріткі, іс, ісік, ісек, ілу, ілгіш, іреу, ірімшік, іркілдеу, ілесу, ілмек, ілгек, ілгері, іриді, іріген, ішірткі, іш, ішімдік, ілтипат, із, ізет, іркіт.

Реңк, реніш, ресімдеу, рәсім, ренжіту, рең, рәсуа, рет, лебіз, леген, лепес, лүпіл, лек, лезде.

Денсаулық – шексіз бақыт

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда.
«Денсаулық – терең бақыт» деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлусын жер бетінде.
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жеңерсің ауыр заман тәлкегін де.

Денің сауда жетерсің арманыңа,
Жоспарлап алға қойған мақсатыңа.
Денің сауда көрерсің бұл дүниенің
Бар қызық, рахатын, жарығын да.
Денсаулық – шексіз бақыт, халқым менің,
Сондықтан көңіл аудар денсаулыққа.
Қолда барда біл оның қасиетін,
Күтіп, баптап аяла әр уақытта.

Гүлбира Махамбетқызы

Ойлан, тап!

Жұмбақ әңгіме

Ертеде екі жолаушы – қыз бен жігіт кең далада серуендеп келе жатса, алдарынан бір салт атты кездесе кетеді. Сонда әдемі жігіт пен сұлу қызға сүйсіне қараған салт атты былай депті:

– Пай-пай, шіркін! Мына жігіттің астындағы атының жорғасын-ай, қасындағы сұлу жолдасын-ай!

Сол кезде қыз оған:

– Ей, жолаушы, бұл жігіттің анасы – менің анамның енесі. Сонда біз бір-бірімізге кім боламыз? – депті де, екі жолаушы жүріп кетіпті. Ал жолаушы қыз жауабына ойланып тұрып қалыпты.

И дауысты дыбысының емлесі

И әрпі жазу барысында жалаң и дыбысын да, қосарлы ый, ій дыбыстарын да таңбалайды. Мысалы, кино, бригада, динамо сөздерінде жалаң и дыбысының таңбасы ретінде қолданылса, ал қина, жина, ине, ирек сөздерінде ый, ій дыбыстарын таңбалап тұр.

И әрпі жуан и дыбысының да, жіңішке и дыбысының таңбасы болып табылады және буын талғамайды. Икемді, оқиды, ки, жи, тасиды, инелік.

Ескерту. Қосарлы ый дыбыстары айтылатын тый, сый сөздерінде ғана ый әріптері айтылуы бойынша сақталып жазылады, себебі бұл сөздердің жіңішке нұсқалары да бар.

1-жаттығу. Мәтіннен дауысты и дыбысы бар сөздерді 1-бағанға, дауыссыз и дыбысы бар сөздерді 2-бағанға жазыңыздар.

Итбалық

Итбалық – суда, құрғақта да өмір сүретін жануар. Алайда уақытының көбісін суда өткізеді. Себебі оның денесі суда тіршілік етуге бейімделген. Аяқтары да ескек тәрізді, суда жүзуге икемді. Сонымен қатар итбалықтар су шаяны сияқты ұсақ жәндіктер мен балықтарды қорек етеді. Итбалықтар бір мезгіл судан шығып, құрлықта жатып дем алады. Әсіресе мұз үстінде жатқанда үйір-үйір болып жатады. Сәл ғана қорқыныш бұлты төнсе, олар жан сауғалап жаппай суға түсе бастайды. Су ішінде оларға төнетін қауіп жоқ десе болғандай. Итбалықтар елімізде Каспий көлінде тіршілік етеді. Итбалық – ақылды жануар. Себебі қыстыгүндері көл бетін қалың мұз жапқанда, олар мұзды ойып сыртқа шығады. Кейде қалыңдығы 2-3 метрге дейін жететін мұзды итбалық қалай тесіп шығады деген мәселе талайларды толғандырған жайт. Бұл мәселені арнайы жасақталған топ зеттеп көрсе, итбалықтың құпия сыры мынада екен: алғаш су қата бастаған күз кезінде-ақ итбалық өзі ойық жасайтын тұсты таңдап алып, әлсін-әлсін сол жерді келіп түмсығымен бұрғылайды әрі өзінің демімен және дене қызуымен мұзды қатырмауға тырысады. Сол тұстағы ойыққа мұздың қатып қалмауын қадағалайды екен. Әр итбалық өзіне осындай бірнеше ойық жасайтын көрінеді (*«Білім және еңбек» журналынан*).

1. Итбалық, мұхит, икемді сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

2. И әрпінің емлесіне сипаттама беріңіздер.

2-жаттығу. Байиды, кейиді, үйиды сөздерінің жазылу емлесін есіңізде сақтаңыздар, осы сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрап жазыңыздар.

Ойлан, тап!

Жұмбақ есеп

Бір әулетте екі әке, екі ұл, бір немере бар еді. Олардың бәрі бүгін театрға бармақшы болып жиналып жатыр. Ал билет саны – үшеу. Театрдағы қойылым өте қызықты болатын, сондықтан да театрға бәрінің де барғысы келіп тұр. Қанекей, сіз тапқырлық көрсетіп, бір ебін тауып, әкелі-балалы жандардың ешбірін ренжітпей, бәрін де театрға кіргізіп жіберіңізші...

3-жаттығу. Мәтіндерден и әрпі бар сөздерді теріп жазыңыздар.

Жуан дауысты и дыбысы бар сөздерді бір бағанға, ал жіңішке и дыбыс бар сөздерді екінші бағанға бөліп жазыңыздар.

И әрпі қандай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданып тұрғанын анықтаңыздар.

Акула

Алып акула – теңіздің ірі балықтарының бірі, оның ұзындығы 10 метрге, салмағы 4 тоннаға жуықтайды. Ол барлық мұхиттарда мекендейді. Алыптың көгілдір акуладан айырмасы – зиянсыздығында. Ол теңіз жәндіктерімен ғана қоректенеді. Апандай аузында айбатты тістері де жоқ. Акула бауырының өзі бір тоннаға жақын тартады. Оның майлылығы сонша, Гербрид аралы мен Шотландияда, Гренландияда оның майы жарық үшін пайдаланылады. Қазіргі уақытта акулаларды майы үшін аулайды (*«Білім және еңбек» журналынан*).

Сіз білесіз бе?

1. Әлемдегі ең үлкен «кітап» – Фива (Египет) храмының қабырғасына ойылып жазылған жылнама. Оның тас «беттерінің» ұзындығы – 40 метр. Ал қағазға басылған ең үлкен кітап – салмағы 500 килограмдық, 8048 беттік Інжіл (АҚШ).

2. Әлемдегі ең кішкентай кітап – жапон миниатюрісі Асао Хосимо шығарған ұзындығы 1,5 миллиметрлік кітап.

Я, ю әріптерінің емлесі

Я әрпі жазуда й және а дыбыстары қосындысының таңбасы ретінде, ал **ю** әрпі й мен у дыбыстары қосындысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы, япырмай, яки, таяк, саяжай, аянбау, аялау, аяқ, жаялық, аю, қою, үюлі, еңкею, құю, сою.

Ескерту. **Я** әрпі сөздің құрамында кейде и дыбысынан кейін келген жалаң а дыбысын да таңбалайды, ал **ю** әрпі и дыбысына аяқталған етістіктерге қимыл-атау етістіктің -у жұрнағы жалғанған жағдайда у дыбысын таңбалайды. Мысалы, айтылуы: такиа, қариа болса, жазылуы: такия, қария; ки+у – кию, жи+у – жию, ти+у – тию.

Ал миуа, кейуана, бейуақ, айуан, хайуан, диуан, хиуа сөздері осы қалпында жазылады.

Ойлан, тап!

Құстар әлемінде

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар, көшіріп жазыңыздар.

Бірқазан

Бірқазан – Қазақстанға ежелден ұя басқан құс. Ол соңғы жылдары тек Батыс Қазақстанның Қамыс-Салқар көлінде ғана кездесіп жүр. Балқаш көлі мен Іле өзені жағалауларында да бар.

Бірқазандар – аса сезімтал және жауларынан қорғана білетін батыл құс. Ол жер бетінде ауыр қозғалғанымен, суда жақсы жүзе біледі, бірақ сүңги алмайды. Ол – топтанып жүретін «колониялы» құстардың бірі. Оның үйірінде басқа құстар да араласып жүре береді. Бірқазандар біздің аймаққа ерте көктемде келеді. Келген бойда жұптасып, топтала бастайды. Ұяны мекиені адам аяғы бармайтын ескі, шірік қамыс араларына салады.

Мекиендер екіден алтыға дейін жұмыртқа табады (*«Білім және еңбек» журналынан*).

1. Бірқазан қайда мекен етеді?
2. Неге оларды «колониялы» құстар тобына жатқызады?
3. Сезімтал, мекиен, колония сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
4. Үя, аяқ, колония сөздерін қатыстырып сөйлем құрап жазыңыздар.

2-жаттығу. Мәтіндерден я әрпі бар сөздерді бір бағанға, ю әрпі бар сөздерді екінші бағанға теріп жазыңыздар.

Су жинағыш бақалар

Орталық Австралияда өзендер мен су қойнаулары күннің ыстығынан жиі құрғап қалады. Осындай кезде тұрғындар бақа аулауға шығады. Австралияның шөл далаларындағы бақалар ауа райының сондай өзгерістеріне бейімделген көрінеді. Қуаңшылықтарда олар асқазандарына су қорын сақтайды екен. Сол себептен аңшылар бақаларды асқазанынан су алу үшін аулайтын болған (*«Білім және еңбек» журналынан*).

?!

1. Я және ю әріптері қандай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданып тұрғанын айтыңыздар.
2. Азия, Австралия, баяндама сөздерінде неше әріп, қанша дыбыс бар екенін анықтаңыздар.
3. Бірқазан, мекиен, хайуанат сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

3-жаттығу. Мәтіннен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді теріп жазыңыздар. Айырмашылығының себебін түсіндіріңіздер.

Тапқырлық

Ауыл маңынан өтіп бара жатқан жолаушы жолай кездескен жасөспірім қыздардан жөн сұрапты. Ішіндегі сөзі уәлі әрі ибалы қызға риза болып, оның кімнің қызы екенін білгісі келіп былай деп сұрақ қояды:

— Кімнің қызысың?

– Ауыл адамдары үйір үйдің қызымын, шаңырағы шошақ үйдің қызымын.

– Қызым, олай болса, ұлықтың қызы екенсің ғой.

– Болжамыңыз дұрыс. Ал өзіңіз кім боласыз?

– Биік ағаштың берігімін, миуаның ірісімін әрі тәттісімін, – депті кісі.

– Онда сіз еліміздің әміршісі болдыңыз ғой, – деген екен қыз сонда.

1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар.

2. Миуа сөзінің мағынасын анықтаңыздар.

3. Ұлық, әмір, шаңырақ, миуа сөздерін қатыстырып сөйлем құраңыздар.

4. Тапқырлыққа қатысты мәтін немесе шағын әңгіме құрастырып жазыңыздар.

Ойлан, тап!

Жұмбақтың шешуін табыңыз!


Бірін-бірі қоштаған
Бір үйден көрдім,
Қырық екі дос-жаран.

(.....)

Білім мен тәлім,
Парақты ашқанда
Беттерінен мәлім.

(.....)

У дыбысының емлесі



Ескерту. У әрпі дауыссыз дыбыстан кейін келсе, дауысты у дыбысын таңбалайды. Мысалы, бу, ту, суы, т.б. Бу, ту, жу, суы, қу, сау, жау, ау, етістіктеріне тұйық (қимыл-атау) етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда, бұл сөздер буу, туу, жуу, суу, қуу, сауу, ауу болып жазылады.

Естімеген елде көп

1-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыздар. У әрпі бар сөздердің құрамындағы у дыбысына сипаттама беріңіздер.

Мүйізді жылан

Мүйізді тек тұяқты хайуанаттарға тән деп ойлау бекер екен. Солтүстік Африка мен Арабияда мүйізі бар улы сұр жыландар өмір сүретін көрінеді. Ал көзінің тұсында кішкентай екі мүйізі бар жыландар Ежелгі Египет дәуірінде де өмір сүріпті.

Оңтүстік Америкада мүйізді бақалардың 16 түрі кездесетіні мәлім. Ол бақалар ірі болады екен: олардың ұзындығы – 20 см, сыртқы түсін жердің, тастардың түрінен айыру қиын көрінеді. Бұл бақалар тышқандармен қоректенеді (*«Білім және еңбек» журналынан*).

1. *Хайуанаттар* сөзі қандай қағидат бойынша жазылған?

2. *Тұяқ* сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

2-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. *Ұйықтайды* сөзі қандай қағидат бойынша жазылған?

Жыландар

Қыстың күндері жыланды кездестіре алмаймыз. Өйткені суық түсе ағаш тамырларының түбіне тығылады да, көктемге дейін сонда ұйықтайды. Күн сәулесі жер бетін қыздыраған мезгілде жыландар ирелеңдеп сыртқа шығады. Көп ұзамай-ақ олар түлей бастайды. Жылан терісінің сыртындағы қабыршағы бас жағынан төмен қарай бүтіндей сыпырылып түседі. Сөйтіп, жыландардың терісіне жаңа қабыршақтар пайда болады (*«Қаз әйелд.» журналынан*).

3-жаттығу. Сөйлемдегі орны ауысып кеткен сөздерді орнына дұрыстап орналыстырыңыздар.

Қыстыгүні жыландар түлей бастайды. Жыландардың денесін тұяқ басқан. Хайуанаттарда қабыршақ болады. Улы

сұр хайуанаттар Солтүстік Африкада және Арабияда тіршілік етеді.

Ұшатын жылан

Құстың ұшатынын жұрттың бәрі біледі. Кейбір жыланның ұшатынын естігендерің бар ма?

Оңтүстік Азияның тропикалық ормандарында ұшатын жыландар кездеседі. Ұшатын жыландар ағаш басында тіршілік етеді. Олар ұшар алдында басын тік көтеріп, қабырғасын жазып, бүйір терілерін қампитып, қамданып алады. Сонан кейін дене-сімен ағашты тіреп тұрып, қатты серпіліп қалады да, қалықтап барып, екінші бұтаққа қонады (*«Қаз. әйелд.» журналынан*).

P.S. Біздің елімізде де оқ жыландар кездеседі. Оқ жыландар дұшпанына атылар алдында басын тіктеп, бойын көтеріп, дайындалады да, тұрған жерінен серпіле атылады. Олар атылған кезде біраз метр жерге дейін ұшып барады.

1. Мәтінді оқып, құрамындағы әріп пен дыбыстық айырмашылығы бар сөздерге талдау жасаңыздар.

Э, ё әріптерінің емлесі

Э, ё әріптері қазақ тіліне тек орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген кірме сөздерде ғана жазылады. Э дыбысын сөйлеу барысында біз, қазақтар, кәдімгі е дыбысына жуықтатып айтамыз. Ал ё әрпі й+о дыбыстарының қосындысын таңбалайды. Мысалы, экватор, экономика, аэродром, аэробус, электр, монтёр, шахтёр.

Сіз білесіз бе?

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңыздар.

Алып құс

Осыдан бір миллион жыл бұрын тіршілік еткен құстың бірі – эпиорнист. Оның үлкендігі пілге жуық, биіктігі 5 метр болған көрінеді. Құстың тас болып қалған жұмыртқасының үлкендігін сыйымдылығынан-ақ білуге болады. Жұмыртқа қабығына 8-9 литр су сыйған (*«Білім және еңбек» журналынан*).

1. Эпиорнист сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.
2. Қай сөздерде и/й дыбыстарының алдында ы дыбысы сақталып жазылады?
3. Қазақ тіліндегі кірме дыбыстарды атаңыздар.

2-жаттығу. Мына сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыз және осы сөздердің жазылу емлесін есте сақтаңыздар.

Экономика, элеватор, эшелон, элемент, эссе, аэродром, поэма, поэзия, элемент, электр, экипаж, аэроклуб, шахтёр, монтёр, дирижёр, слёт, режиссёр.

Әлемде талай қызық бар

3-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. *Даярлап* сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар. Я әрпі буын талғай ма?

Құстар тор тоқиды

Тор тоқу ісі көп еңбекті керек етеді. Бірақ Батыс Ирак жағалауларындағы балықшылар осы бейнетті жеңілдетудің лайықын тауыпты. Балықшылар бамбук сырықтарынан төрт жақтаулы етіп шырмауықпен байланыстырып, жыңғыл ішіндегі ағаштарға іліп қоятын болған. Құстар түні бойы оған тор тоқитын болған. Олардың осы даярлап қойған торларын таңертеңгілікте балықшылар ала қояды екен. Осы дайын тордың әрқайсысының салмағы екі килограмнан үш килограмға дейін тартады екен (*«Қаз. пион.» газетінен*).

4-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыздар.

Аңдар мен балықтардың ұйқысы қызық

Балықтар қаранғы түсісімен өзен-көлдің түбінде дем алып, су өсімдіктерінің арасында тынығады. Кейбіреулері ұйықтап жүріп ақырын бір орыннан екінші орынға ауысып отырады. Енді бірі ұйқылы қалпында басын төмен қаратып жүзсе, екіншісі шалқалай жатып жүзеді.

Шимпанзе күн сайын ағаш бұтақтарының арасына өзі жата-тын жаңа орын дайындайды. Хайуанаттар паркінде олар ағаш сәкі-лерде ұйықтайды. Егер түн салқын болса, жылы оранып жатады.

Бегемоттар суда ұйықтағанымен, денесін түгел суға көміп, сыртта тек тұмсығы мен көзін ғана қалдырады (*«Қазақ күнтіз-бесінен»*).

5-жаттығу. *Өсімдік, ұйықтап, орыннан, жүзеді, көміп, тұм-сығы, көзін* сөздерін орфоэпиялық заңдылыққа сай жазыңыздар.

Үлгі:

Жазылуы	Айтылуы
Түсті	түсту

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕМЛЕСІ

Б, в, г, д дауыссыз дыбыстарының жазылу емлесі

р/к	Ереже	мысалы
	Б, г, д әріптері сөздің басқы, ортаңғы, соңғы буындарында келе береді; қазақтың төл сөздері бұл әріптермен аяқталмайды.	бақыт, арба, гүл, ертегі, дарқан, маңдай, жазды
	В әрпі тек кірме сөздің құрамында кездеседі:	вагон, вазелин, во-лейбол, авиа, авто
	Орыс тілінен енген кірме сөздер мен біраз шетелдік жер-су атаулары осы б, в, г, д әріптерімен аяқтала береді. Тілімізде мұндай кірме сөздердің қатары көп емес.	актив, клуб, снаряд, наряд, округ, штаб, геолог, логопед, Пе-тербург
	Сөз соңында келген бұл ұяң дауыссыздар қазақ тілінде сөйлеу барысында қатаң (б-п, в-ф, г-к, д-т) болып айтылатындықтан, оларға жалғанатын қосымшалар да қатаң дауыссыздардан басталады.	клуб+қа, актив+ке, снаряд+тан, округ-тен

Жануарлар әлеміне саяхат

Құндыз

Республикамызда сирек кездесетін бағалы аңдардың бірі – құндыз. Ол қазір Жайық, үлкен және кіші Қобда, Тентекқара өзендерінде ғана кездеседі. Ерте кездерде құндыз Жайық, Ембі, Ырғыз, Есіл, Тобыл, Нұра және Ертіс өзендерінде көптеп тіршілік еткен. Оларды бағалы терісі, құнды саналған «құндыз қайыры» үшін бей-берекет аулап жойып жіберген. Құндыз терісінен ертеде өте сәнді бас киімдер, жаға, сырт киімдердің етек-жеңдеріне әшекейлік желектер жасалған. Кейде құндыздың сала құлаш терісін киіздің керегесіне әсемдік ретінде керіп іліп қою салты да болған. Ертеде қазақ халқы құндыз терісінен қалыңдыққа тарту үшін де пайдаланған. Үлкен бәйге жарыстарында құндыз терісін тігу дәстүрі де болған (*«Білім және еңбек» журналынан*).

1. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын жазыңыздар.
2. Құндыз, киім, қалыңдық сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
3. Сөз тіркестерінен ілгерінді ықпалды тауып көрсетіңіздер.

Жануарлар мен жәндіктер әлемінде

Жәндіктер өте тез өсіп өнеді. Олар түрлі аурулардан, ауарайының әсерінен миллиондап қырылмаса, мүлде көбейіп кетер еді. Соның өзінде зиянкес жәндіктер дүние жүзінде өсетін астықтың бестен бір бөлігін құртады.

Шегіртке аяғына орналасқан есіту «аппаратымен» мыңдаған километр жерде болатын жер сілкінісін естиді. Маса сонша неге ызыңдайды? Маса бір секундта қанатын бес жүз рет қағады. Осы орасан жылдамдықтан жағымсыз ызың пайда болады екен. Ғалымдар жануарлар мен жәндіктердің алуан қасиеттерін зерттеп, оны жаңа техника жасауға қолданады. Ғылымның бұл саласын бионника деп атайды. Қазір ғылымда жәндіктердің бір миллионға жуық түрі белгілі болып отыр (*«Қазақ күнтізбесінен»*).

Ф, ц, ч, щ дауыссыз дыбыстарының емлесі

Ф, ц, ч әріптері – тек өзге тілден енген кірме сөздерде ғана жазылады: фабрика, фосфор, форма, форум, биография, цех, цемент, цирк, училище, очерк, карточка, Чапаев.

Ф,Ц,Ч – қазақтың төл әріптері де, дыбыстары да емес.

Щ әрпі қазақ тілінде тек үш сөзде ғана жазылады: ащы, тұщы, кеше, сонымен қатар кірме сөздердің құрамында кездеседі: борщ, плащ, щи.

Іскери этикеттің ережелері

Алғашқы іскери кездесудің атрибуты екі жақ өкілдерінің визит карточкасын алмастыруы болып табылады. Іскери кездесулерге немесе іссапарларға барар алдында ең әуелі бірнеше визит карточкасын және жұмыс орныңыз туралы қысқаша ақпараты бар, көркем безендірілген буклетті алуды ұмытпаңыз. Әлемдік бизнесте визит карточкасын атқаратын рөлі зор. Сондықтан да визит карточкасын да бизнесте қалыптасқан этикетке сай ресімдегеніңіз лазым. Мысалы, Күншығыс елінде, яғни Жапонияда кез келген құжаттың, шағын визит карточкасының да маңызы зор. Визит карточкасы жапон бизнесмендері үшін кез келген құжаттың орнына қолдануға болатын ресми құжат болып табылады.

Визит карточкасын өз еліңіздің мемлекеттік тілімен қатар, халықаралық қатынаста әмбебап тілдік құрал болып табылатын ағылшын тілінде ресімдегеніңіз жөн. Қос тілде ресімделген визит карточкасы іскери қатынаста сіздің мүмкіндігіңізді кеңейте түседі. Азия елдерінде оны сізге әдепке сай иесі қос қолдап ұсынады, ал Батыста бұл жайтқа қатысты қалыптасқан тәртіп жоқ. Келіссөз жүргізу барысында, іскери кездесулерде визит карточкаларын олардың иелерінің аты-жөнін, лауазымын шатастырмас үшін алдыңызға қойып отырсаңыз да болады.

Визит карточкасы іскери адамдар үшін қазіргі заманғы ресми қарым-қатынастың негізгі әрі өзіндік мәні бар маңызды құрал болып саналады. Әдетте қалыптасқан этикет ережесіне сәйкес визит карточкасымен алмасу барысында лауазымы төмен тұлға бірінші болып ұсынады, ал шені бірдей адамдар арасында жасы кішісі алдымен ұсынады. Егер де жастары **құралпы** әрі лауазымы бірдей жандар арасында қайсысының бірінші болып ұсынғаны маңызды емес.

?!

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Визит карточкасы дегеніміз не?
3. Визит карточкасы адамдарға не үшін қажет?
2. Мәтіннен кірме сөздерді теріп жазыңыздар.
3. В, ч әріптерінің жазылу емлесіне сипаттама беріңіздер.
4. Ф, в, ц, ч әріптері қазіргі қазақ тілінде қандай сөздердің құрамында жазылады?

1-жаттығу. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар және осы сөздердің жазылу емлесін есте сақтаңыздар.

Фабрика, форма, фанер, фестиваль, форум, автобиография, фото, география, феодал, цемент, мотоцикл, циркуль, цирк, цех, центнер, очерк, училище, Челябинск, ащы, тұщы, кеше, борщ, рецепт, редакция, цыган, футбол, Салтыков-Щедрин.

Әсемдік жарасады әркімге де

Әсем де жинақы киініп жүру – адамдардың көңіл бөлуін қажет ететін әдет. Киіну мәнеріне қарап, адам бойындағы ұқыптылық, талғампаздық сияқты жақсы қасиеттерді аңғаруға болады. Қымбат емес матадан өз бойына қонымды, жарасымды етіп тігілген киімді қайда болса да киіп баруға жарайды. Ал керісінше өте қымбат матадан олпы-солпы тігілген киіммен салтанатты жиынға барудың қажеті жоқ. Әсем де жарасымды киім адамның сырт келбетін әдемі етіп көрсетеді. Киімді әрбір адам өз дене бітімі мен жас ерекшелігіне қарай киінгені абзал. Сонымен қатар біреуге жарасқан киімнің өзгенің үстінде де қонымды болып көрінуі екіталай Сондықтан да киімді өз келбетіне үйлесімді етіп киген жөн. Киімнің пішімі, үлгісі, сәнімен қатар түсі де

үлкен рөл атқарады. Шілтер немесе ақ жаға салынып, бірыңғай түсті матадан, әдемі үлгімен тігілген көйлек жасөспірім қыздарды да, ұстаз әйелдерді өте сүйкімді, жинақы етіп көрсетеді. Ал жылтыр жібек, парша сияқты қымбат маталардан сәнді тігілген көйлектерді күндіз кию, күнделікті жұмыс орнына киіп келу адамды тым сәнқой ғана емес, тыраш екендігін көрсетеді. Кейде көпшілік арасында үлкен егде әйелдерге лайық киімді киген жас қыздарды немесе жасөспірімдерге ғана жарасымды көрінетін киімдерді мосқал әйелдердің киіп алғанын байқайсың. Олар тіпті өздерің сырт келбетінің өзгелерге күлкілі екенін де аңғармайды. Психолог мамандар, адамның сырт келбеті ішкі дүниесінен де хабар беріп тұрады дейді. Киіміне қарай қарсы алып, ақылына қарай шығарып салады, деген халықтың дана сөзін ұмытпаған дұрыс. Сол себепті киім тек дененің сыртқы жамылғысы ғана емес, материалдық және рухани қажеттілікті өтейтін құрал болғандықтан, сырт келбетімізге көңіл бөліп, қажет болса – стиліст, дизайнер секілді кәсіпқой мамандардан кеңес алған тиімді.

1. Қосарлы дыбыстардың таңбалайтын әріптері бар сөздерді теріп жазыңыздар.

2. Оларға фонетикалық талдау жасаңыздар.

3. Мәтінді оқып, «Әдептілік әлемі» деген тақырыпқа шағын эссе жазыңыздар.

Туған өлкеме саяхат

Қорғалжынға бардың ба, қоқиқазды көрдің бе?...

Біз Қорғалжынға қоңыр күзде барған едік. Төңірек онда сары алтынға малынып тұрған. Қорғалжынды айнала қоршаған тау жоқ. Иен даланың ортасына орнатыла салған жұмақ дерсің. Асан қайғы бабамыз желмаясымен желіп бара жатып: «сексен көл сызылтып ағатын-ақ жер екен» депті. Десе дегендей-ақ, Қорғалжында бірінен-бірі өткен сексен көл бар. Алыстан көз жасындай жылтырайды. Сол көлдің құтты қонағы, құстың түрі 300-ден асып жығылса, балықтың – 14, өсімдіктің – 317 түрі бар. Алдыңнан домалаңдап борсық жүгіреді, бытпылдықтап бөдене қашады, ну қамыстың ішінде қабан күркіреді. Самал желмен бидайық тербелгенде, төңірек қоңыр сазға толып кетеді. Осынау

244 мың гектар алқапты алып жатқан дүние дидарына қараған сайын көз тоймайды.

Қорғалжынның көркі – қоқиқаз (фламинго), қорғаны – қамыс. Бұл өңір халқының аузынан тастамай әуезе етіп айтатыны да қоқиқаз. Осы бір құс баласына деген ел құрметі ерекше. Бала біткен отыра қалып осы құстың суретін салады. Аққудың жөні бір бөлек, ал қоқиқазды атқан кісі ел қарғысына қалады. Мұндағы рәміздік бейне – қоқиқаз.

Қоқиқаздың қасиеті көп. Ол бұл өңірге сонау Мысырдан, Ираннан, Түркиядан, Пәкістаннан ерте ұшып келіп, ерте қайтады. Жарықтық кетерінде көлді әлденеше рет айналып ұшып, адам баласының сезімін қозғап, қимастық әсер қалдыратын көрінеді.

Жер түбіндегі француздар жыл сайын Қорғалжынға келіп, қоқиқазды көріп, ол туралы аңызды естігенде аузын ашып, көзін жұмады дейді. Қоқиқаздың еті Еуропа халықтары үшін аса жеңсік асқа айналған көрінеді.

Француздардың айтуынша, оның бір тілінің өзі 600-700 долларға бағаланады екен. Ал қазекем қоқиқаздың етін жемейді, тек бекзаттығын ғана кие тұтып, сыртқы жаудан, суық қолдардан қызғыштай қориды.

Қорғалжынға арнап барып, қоқиқазды көрмей қайтқан адам мұратына жетпейді деседі. Біз қоқиқазды үш күн, үш түн қамыс паналап жатқан елгезек фототілшіміз Шүкір Шахайдың арқасында көрдік. Шынында да, ұшқанда ғажап екен. Төңіректі нұрға малындырып, әнге бөлеп ұшып бара жатқан қоқиқаздың канат қағысы қандай ғажайып! Қазақтардың: «Қорғалжынға бардың ба, қоқиқазды көрдің бе?» деуінің мәнісін енді түсіндік (К. Қошқарұлы, «Парасат» журналынан).

1. Қорғалжын қорығы қай өңірде орналасқан?
2. Қазақ халқы қандай құстарды кие тұтады?
3. Қорғалжындағы жер-су атауларына байланысты аңыздарды білесіз бе?
4. Қорықтарда, жалпы табиғаты сұлу өңірлерде болдыңыз ба және табиғатты тамашалағанда қандай сезімге бөлендіңіз?
5. Қорғалжын қорығындағы құс төресі – аққулардың бейнесі қазақтың қай көркем фильмінде көрсетіледі?

6. Кірме сөздердің астын сызып көрсетіңіз және оларға дыбыстық талдау жасаңыздар.

7. Тұрақты сөз тіркестерін табыңыз және олардың беретін мағынасын анықтаңыздар.

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.

Абай

Ұстазы білімді болса,
Шәкірті тәлімді болар.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Оқу инемен құдық қазғандай.

Дұрыс па, бұрыс па?

Мысалдар	дұрыс	бұрыс
Қазақ тілінде 40 әріп, 2 таңба бар.		
Қазақ тілінде 37 дауысты дыбыс бар.		
Қазақ тілінде үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар бар.		
Қазіргі қазақ тілінің әріпнамасы кириллицаның негізінде жасалған.		
Қазақ тілінде 7 үнді дауыссыз дыбыс бар.		
Қазақ тілінде 8 уяң дауыссыз дыбыс бар		
Қазіргі қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар.		
Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар		
Қазақ тілінде қ, ғ дауыссыз дыбыстары тек жуан дауысты дыбыстармен ғана тіркеседі.		
Ә – езулік дауысты дыбыс, ол қазақтың төл сөздерінде кездеседі.		
Аман келді, есен келді сөздері дұрыс жазылмаған.		
-тай, -жан қосымшалары үндестік заңына бағынбайды.		
И, у дыбыстары монофтонгтардың қатарына жатады.		
Я, ю әріптері тек кірме сөздерде жазылады.		
Б жіңішкелік белгісі тек кірме сөздердің құрамында кездеседі.		
Ъ айыру белгісі қазақтың төл сөздерінің құрамында кездеседі.		
Г, д, б, в әріптеріне қазақтың төл сөздері аяқталмайды.		

«Оқжетпес» – әлемнің үздік курорты



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің айтулы мерекесі қарсаңында көркем Бурабайдағы «Оқжетпес» шипажайына ел мерейін өсірер қуанышты хабар жетті. Дүние жүзілік сумен және климатпен емдеу федерациясы бас ассамблеясының Еуропаның Андорра елінде өткен 59-сессиясы «Оқжетпеске» «Әлемнің 2006 жылғы үздік шипажайы» атағын берді.

ДСКФ-ның бас хатшысы Умберто Солимин мен федерация президенті профессор Н.А. Стороженко қол қойған «Алтын куәлікте»: «Жоғары халықаралық стандартқа сәйкестігі, сонымен қатар шипажайлық-курорттық емдеу кешенін ұйымдастырудағы жетістіктері мен белсенді ғылыми қызметі үшін ...» деген жүрек жылытар сөздер бар. Осынау аса беделді ұйым өз мүшелігіне жер шарының 62 озық мемлекетін қабылдаған. Дүние жүзіне танымал курорттар арасында топ жарған Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медициналық орталығына қарасты «Оқжетпес» шипажайы халқымыздың мерейін өсірумен абыройға бөленді.

– Біздің шипажайымызда емдеу-сауықтыру саласының барлық талаптары қамтамасыз етілген, – дейді «Оқжетпес» АҚ президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Әбілхакім Ақмүрзин. – Туристік кластердің кадамдары да көңіл аударарлықтай. Биылғы жыл басынан бері шипажай қызметін 10700 адам пайдаланса, оның 20 пайызын шетел азаматтары құрайды. Бұл ұжым қызметінің тартымдылығын және қол жетімділігін айғақтайды.

«Оқжетпес» шипажайының ұжымын осынау жоғары атағымен шын жүректен құттықтаймыз (*Бақберген Аamalбек, «Егемен Қазақстан», 2006*).

1. Мәтінге жоспар құрыңыздар.
2. Мәтінге және мәтіннің әр абзасына ат қойыңыздар.

3. Оқжетпес, құрмет, шипажай сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

4. Көркем әдебиеттерден бір-екі пейзаждық көріністі көшіріп жазыңыз. Пейзаждағы көріктеу құралдарына көңіл аударыңыздар, жасалу жолдарына талдау жасаңыздар.

Қ, қ, ғ, х, һ дауыссыз дыбыстарының емлесі

1) Қазақ тілінде қ-қ, к-к дауыссыз дыбыстары жуан және жіңішке ретінде жұп қатарын құрайды. Дауыссыз қ, ғ – жуан, ал қ, г – жіңішке дауыссыздар болып табылады. Сонымен қатар қазақтың төл сөздерінде жуан қ, ғ дауыссыздары тек жуан дауыстылармен, ал жіңішке қ, г тек жіңішке дауыстылармен тіркеседі. Мысалы, күн, күн, қол, көл, ғарыш, ғалым, гүл, сүзгі. Ал өзге тілден енген кірме сөздерде қ, г дыбыстары жуан дауыстылармен тіркесе береді. Кино, экономика, округ, геолог, газ.

2) Қазақтың төл сөздері ғ, г әріптеріне аяқталмайды, ал кірме сөздер г әрпіне аяқтала береді. Мысалы, геолог, округ, педагог, стоматолог, т.б.

3) Қ, қ дауыссыздарына аяқталған зат есімдерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда қатаң қ, қ дыбыстары ұяң ғ, г дыбыстарына айналып кетеді. Мысалы, достық +ы – достығы, есік+і – есігі.

4) Һ әрпі тек араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздердің құрамында ғана кездеседі: жиһан, жиһаз, жиһангер, гауһар, қаһар, қаһарман, баһадүр, жаһан, аһ, уһ, уһледі.

НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз – шығыс халқының мейрамы. Сонау ықылым* заманнан бері тойланып келе жатқан көне мейрам. Жер шарындағы көптеген халықтың дәстүрлі мейрамына айналған Наурыз мерекесінің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дәп басып айту қиын. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», татарлар «Нардуган», тәжіктер «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», армяндар «Навасарды» деп түрліше атаған. Біздің қазақ халқы бұл мейрамды «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Күн мен түн теңелетін күн.

Наурыз атауы парсы тілінен шыққан. «Нау» парсы тілінде жаңа, «руз» сөзі күн деген мағынаны білдіреді. Демек, Наурыз «жаңа жылдың бірінші күні» дегенді білдіреді.

Шығыс халықтарының наурызды қалай тойлағаны туралы деректерді біз Омар Хайямның еңбектері арқылы білеміз. Мысалы, парсы тілдес халықтарда әр жерге от жағып, отқа май құйып, жеті ақ кесеге «сумалак» – ұлттық көже құйып үлестіру дәстүрі қалыптасқан. Сонымен қатар үйлерінің қабырғасына күннің суретін салып, бір-бірлеріне гүл сыйлайтын болған.

Ал ежелгі түркі тілдес халықтар Наурызда жаңа киімдерін киіп, ер адамдар сақал-мұрттарын түзеп, шаштарын алдырып тастайтын. Алғашқы алты күн бойы садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын жамбы – теңге атып мергендіктері бойынша сынасатын болған.

Ұлыстың ұлы күнін қазақтар ерекше тойлайды. Алдын-ала дайындық жүргізеді. Үйлерін, аулаларын тазалайды. Наурызды қазақтар 22 наурыз күні қарсы алады да, мейрам бір айға жалғасады. 21 наурыз күні (кеңестік дәуір кезеңіне дейін) жастар бір-біріне деген ыстық сезімдерін білдіретін болған. Жігіттер қыздарға гүл, әтір, иіс сабын сияқты «селтеткізер» тартуын сыйласа, қыздар жігіттерге арнайы тігілген кестелі қол орамал сыйлайтын, «үйқыашар» дайындайтын. Сондықтан да бұл күнді ресми түрде «ғашықтар күні» деп атасақ та болады.

*ықылым – ерте, көне

!?

1. Мәтін бөлімдерінен абзацтық фразаларды тауып жазыңыздар және оның неге абзацтық екенінің себебін түсіндіріңіздер.
2. Абзацтық сөйлем өзге сөйлемдермен қандай қатынаста тұр?
3. Абзацтан тірек сөздерді теріп жазыңыздар.
4. Екінші абзацты басқа абзацтармен байланыстырып тұрған сөздерді тауып, теріп жазыңыздар.
5. Абзацтардағы көрсетілген негізгі ойды ықшамдап, топтастырып жазыңыздар.
6. Мәтін қандай мәнерде жазылған?
7. Соңғы сөйлемнің мәні неде деп ойлайсыздар?
8. Соңғы абзацтың мағыналық ұғымы қандай?
9. Мәтінде қай абзацтар мағыналық жағынан жақын және бір тақырып аясын әңгіме етеді?
10. Наурыз, сезім, ғашықтар сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
11. Қазақ халқының Наурыз мерекесінен басқа қандай ұлттық тойларын білесіздер?
12. «Наурыздама», «Ұйқышар», «Селтеткізер» дегеніміз қандай рәсімдер?

Біқылым заманнан, атам заманнан, көне дәуірден, ежелден, баяғыдан, ерте-ертеде сөздерінің мән-мағынасы мен қолдану аясын салыстырыңыздар және осы сөздерді қатыстыра отырып бірнеше сөйлем құраңыздар.

Көп нүктенің орнына к, қ, ғ, г әріптерінің қажеттісін қойып, көшіріп жазыңыз. Еліміздің географиялық ... артасы, бұрын...ы заман, ...өне дәуір, күл...ін түс, ... ызыл байрақ, ақ жаулы..., дастар...ан, ...аған, қазақ ...аны, ұлтты... бояу, ...олөнер, биі... ма...сат, ...ымбат ...азына.

Наурыз – ұлыстың ұлы күні

21 наурыз күні әр үйде ақ дастархан жайылып, оған бауырсақ пен шелпек және әртүрлі ұлттық тағамдар қойылатын. Бұл түні қазақтар ұйықтамай Қызыр (Қыдыр) бабаны күтеді. Қазақ халқының наным-сенімі бойынша, Қызыр баба – отбасына береке, құт әкелетін киелі аруақ. 22 наурыз күнін барлық халық, тіпті, бай-кедей, күл-құтан да тойлайды. Бұл ұлы күнді қазақтардың «Самарқанның көк тасы жібiген күн» немесе «күл құрықтан, күң сырықтан құтылған күн» деп атауы – осының дәлелі. Өз кезінде осы жайлы Еуропа ғалымдары таңда-

на да тамсана жазған. «Қазақтар мейрамда жақсылап тамақтанып алады. Оларда біреу дәмді тағам жеп, екіншісі тамақсыз қалатын жаман дәстүр жоқ: мереке кездерінде байлар кедейлерді де жарылқайды, осы дәстүрді біз де үйренсек теріс болмас еді...» (Э.С. Вульфсон, «Қазақтар»).

Қазақтар бұл күні бір-бірімен көріседі. Ер кісілер бір-бірімен қол алысып, төс қағыстырса, әйелдер бір-бірімен құшақ айқастырады. Бұл жақсы дәстүр бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтпастан, жалғасып келеді. Және бұл күні кешу айтысу дәстүрі де болған. Дұрдараз кісілер бір-бірінен кешірім сұрап татуласады.

Наурыз күні қазақ халқы наурыздама жасайды: әрбір үйде жеті тағамнан тұратын наурыз көже пісіріледі. Әртүрлі ұлттық ойындар ойналады, спорттық жарыс ойын түрлері өткізіледі. Бұл күнді барлық адам – еңбектеген сәбиден бастап еңкейген қарттар да, қарулы жастар да қызу тойлайды. Барлық адам жұмысты тоқтатады. Әдемі, таза киініп, бой түзеген адамдар Наурызды қызықты да көңілді, мерекелі өткізуге тырысады. Себебі, халық арасында Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жыл бойы тіршілік тынысы да солай болады деген түсінік қалыптасқан. Наурыз көже пісіріп, алыс-жақынға, тіпті бейтаныс жандарға да ақ дастарханнан дәм татқызудың мәні жыл бойы тоқшылық болсын, елімізде ынтымақ, береке, ал отбасымызда татулық пен құт болсын деген тілек пен ниетті білдіреді.

Қазақ халқында жыл басы осы Наурыз айының 22-сінен басталады. Дәстүрлі қазақ күнтізбесі айдың айналымына негізделген.

! Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыздар.

1. Мәтінді мазмұны мен мағынасына қарай бірнеше бөлімге бөліңіздер және бөлімдерге ат қойыңыздар.
2. Наурыз мерекесін әлемдік мейрам деп айтуымызға бола ма?
3. Әлемдегі халықтардың Жаңа Жылды қарсы алу дәстүрі туралы не білесіздер?
4. Өзге халықтардың Жаңа Жылды қарсы алу дәстүрі мен өз еліміздегі Жаңа Жылды тойлау рәсімін салыстыра әңгімелеңіздер.
5. Теледидардан қандай жаңа жылдық бағдарламаларды көресіздер?
6. Қандай ұлттық бағдарламаларды ұнатасыз және осы бағдарламалардың басқалардан артықшылығы неде деп ойлайсыздар?

7. Биылғы жылғы жоспарыңыз қандай?
8. Сіздің отбасыңыз Наурызды қалай қарсы алады?
9. «Наурыз көжеге» салынатын жеті түрлі тағамның түрлері мен олардың білдіретін мән-мағынасы туралы не білесіз?
10. Мәтіндегі үнді дауыссыздардың жазылуы мен айтылуына назар аударыңыздар.

Л, м, н, ң, р, й дауыссыз дыбыстарының емлесі

Л, м, н, ң, р, й әріптері жазуда л, м, н, ң, р, й үнді дыбыстарын таңбалайды. **Л, р, й** дыбыстары қалай естілсе солай жазылады: лайық, алаш, рахмет, разы, айқын, арай.

Л, р әріптері сөздердің кез келген буындарында да жазыла береді. Л, р дыбыстары сөз басында келген кезде олардың алдынан ы не і дыбысы қосақталып айтылады.

Дауыссыз үнді й дыбысын таңбалайтын **й әрпі** қазақтың төл сөздерінде сөз басында жазылмайды: айыр-бас, балақай, айдын, тек санаулы ғана кірме сөздерде сөз басында жазылады: йод, Йорк, Йемен.

Н әрпі – н дыбысының шартты таңбасы. Н дауыссыз дыбысы айтылу барысында үндестік заңы бойынша ықпалға түседі. Н үнді дауыссыз кейде айтылу барысында біресе м, біресе ң болып айтылғанымен, жазуда сақталады: айтылуы: дүйсембі, сембе, түңгі, төменгі; жазылуы: дүйсенбі, сенбі, түнгі, төменгі.

Қазақ тілінде **ң** әрпінен сөз басталмайды, ң әрпі сөздің ортаңғы және соңғы буындарында ғана жазылады: аң, жанғалақ, жаңылу, таңғы, қуаң, күрен.

Ескерту! Ілік септігі жалғауының соңғы дыбысы әрқашан **ң** дыбысына аяқталады, -дын/дің, -тын/тің, -нын/нің. Мысалы, ауылдың, тастың, әкенің.

Айыру ь белгісі мен жіңішкелік ь белгісінің жазылу емлесі

Айыру ь белгісі мен жіңішкелік ь белгілері тек орыс тілінен енген сөздердің құрамында ғана кездеседі. Мысалы, лагерь, табель, разъезд, подъезд.

Жіңішкелік (ь) белгісіне аяқталған кірме сөздер түбір күйінде жазылғанда және оларға дауыссыз дыбыстардан басталған қосымша жалғанғанда, кірме сөздерді жазуда жіңішкелік белгісі ь сақталады. Мысалы, лагерь+де – лагерьде, табель+ді – табельді.

Ал бұл сөздерге дауысты дыбыстардан басталған қосымша жалғанса, онда жіңішкелік белгісі түсіріліп жазылады: лагерь+і – лагері, табель+ін – табелін.

1-жаттығу. Төменде берілген сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымшаларды жалғап, сөйлем құрастырып жазыңыздар.

Модуль, лагерь, ведомость, табель, асфальт, адъютант, циркуль, фонарь, съезд, альманах, туннель, автомобиль.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіңішкелік белгісі қойылатын не қойылмайтындығын анықтап, мәтінді емлеге сай көшіріп жазыңыздар.

Биыл жазғы демалыста мені ата-анам лагерь...ге жіберді. Балалар лагерь...інде демалған маған өте ұнады. Бізге лагерь...де балаларға арналған әртүрлі фил...мдер көрсетті. Маған «Балалық шағымның аспаны» фил...мі өте ұнады. Фил...м Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың балалық шағы туралы екен. Фил...мде қазақ халқының мейірімді екендігі жайлы, бала тәрбиесінде үлкендердің іс-әрекетінің ықпалы үлкен екендігі туралы зор мәне ие мәселе қозғалған.

Қосарлы дауыссыздарға аяқталған кірме сөздердің жазылу емлесі

р/к	Емле	Мысалдар
2	Тіліміздегі тт, сс, лл, мм қосарлы дауыссыздарына аяқталған кірме сөздер түбір тұлғасында еш өзгеріссіз жазылады	киловатт, экспресс, металл, грамм
	Бұл сөздерге қосымша жалғанғанда, сөз соңындағы қос дауыссыздың соңғы сыңары түсіп қалады	киловатын, экспреске, металды, грамап
2	Кт, мб, мп, нг, нд, ск, фт дауыссыз дыбыстарымен аяқталатын кірме сөздер түбір қалпында өзгеріссіз жазылады	факт, ромб, штамп, митинг, фонд, Томск, шрифт
	Бұл сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда түбірге ы немесе і дәнекерін тіркестіру арқылы жазылады	фактіге, ромбылар, штамының, митингіге, фондыға, Томскіден, шрифтісін.
3	Ст, сть, зд дыбыстарына аяқталған сөздер түбір күйінде келгенде еш өзгеріссіз жазылады	альпинист, трест, ведомость, повесть, подъезд, разъезд
	Ал қосымша жалғанған жағдайда соңғы сыңарлары – т, ть, д әріптері түсіріліп жазылады	альпиниске, треске, ведомосқа, повеске, подъезге
4	Студент, пункт сөздеріндегі қосарлы дауыссыздар қосымша жалғанғанда түспейді, өзгеріссіз жазылады	студенттер, пунктте, студенті, пунктін

1-жаттығу. Төмендегі сөздерге қосымша жалғап жазыңыздар және осы сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құрастырыңыздар.

Килограмм, кристалл, металл, рецепт, пункт, студент, конгресс, разъезд, повесть, ведомость, шрифт, Челябинск, митинг, округ, ромб, фонд, танк, пункт, студент, трест, журналист, ведомость.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып көшіріп жазыңыздар.

Алтын – бағалы мета.... Платини де өте қымбат мета... дардың қатарына жатады. Елімізде әртүрлі мета...дар өндіріледі. Таза саф алтынның бір гра...ының өзі қымбат тұрады.

Әріптер әлеміне саяхат
Өткен материалдарды қайталауға арналған
тіл ұстарту сабағы

Сабағымызды: «Бойға жиған халқымның бар асылын, Ана тілім, мерейің мол тасысын! Қазақ тілім, өркенде, Бола бер күшті, көркем де!» – деп, қазақ тілі туралы өлеңдерді жатқа айтуан бастайық.

1-тыңдаушы:

Қазақ тілі – менің тілім, тұғырым,
Қасиетті қазақ тілі – сенің тілің, тірегің.
Осы тілде елімнің бар ырысы,
Қасиеті, қадірі, қазынасы.
Саған деген шексіз-шетсіз құрметпен,
Қазақ тілім, жыр шумағын арнайды
Бүгін, міне, балаларың, – деп, сөзімізді қазақ тіліне арнал-
ған тамаша жыр шумақтарын айтамыз.

2-тыңдаушы:

Ана тілің арың бұл,
Ұятың болып тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

3-тыңдаушы.

Алфавитті біліңдер,
Онда жүйе, қалып бар!
Біздің қазақ тілінде
Қырық екі әріп бар.

4-тыңдаушы:


Ана тілің – біліп қой,
Бостандығың, теңдігің.
Ана тілің – біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

5-тыңдаушы:

Тіл тұтастығы – бастар елді болашаққа бақытты,
Ел тұтастығы екенін түсінеміз бәріміз,
Тілім барда елім бар мәңгілік бақытты,
Ертеңгі күнге алаңсыз жарқын болашаққа сенеміз.

«Әріптер әлемінің» картасы

Картадағы «Әріптер әлемі» екі ұлысқа бөлінген, екі ұлыс іштей бірнеше уәлаяттарға бөлінген.



Екі ұлыс: дауысты дыбыстар ұлысы негізгі екі уәлаятқа және дауыссыз дыбыстар ұлысы негізгі үш уәлаятқа бөлінген.

Құрметті тыңдаушылар, біз бүгін әріптер әлеміне саяхат жасаймыз.

Саяхатымызды дыбыстардың картасына саяхат жасаудан бастаймыз.

Әуелі, саяхат картасына ену (кіру) үшін, оның кілт ашу қажет. Кілт – алғашқы тапсырмада!

I Дауысты дыбыстар ұлысына саяхат. Әріп дегеніміз не? Әріптер мен дыбыстардың айырмашылығы неде?

Жауап:

Ал енді дыбыстар әлеміне кірдік. Енді саяхатымызды екі ұлысқа сипаттама беруден бастайық.

1. Не үшін дауысты дыбыстар ұлысы екі уәлаятқа бөлінеді?

2. Жуан дауысты дыбыстарды атаңыздар.

3. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтыңыздар.

4. Жуан-жіңішке дауысты дыбыстардың жұбынан тұратын сөздерді айтып машықтанайық (жаттығайық).

5. Ақ - әк, тоқ - төк, үн - үн, ыс - іс, иек - ек,
Сан - сән, соз - сөз, күн - күн, тыс - тіс, ирек - ерек,
Бас - бәс, қор - көр, күз - күз, сыз - сіз, иіс - ес,
Сал - сәл, қол - көл, бүр - бүр, қыр - кір, икем - екем.

II Дауыссыз дыбыстар ұлысына саяхат.

1. Дауыссыз дыбыстар ұлысы не үшін үш уәлаятқа бөлінеді?

2. Үнді дауыссыз дыбыстарды атаңыздар.

3. Ұяң дауыссыз дыбыстарды атаңыздар.

4. Қатаң дауыссыз дыбыстарды атаңыздар.

5. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстардың жұбына басталатын сөздерді айтайық:

Қалам - ғалам, күл - гүл, топ - доп, жал - шал, зат - сат,
Қашық - ғашық, кір - гір, тау - дау, жол - шол, зор - сор,
Қайық - ғайып, киім - гимн, тос - дос, жабу - шабу, заң - сан.

III Дауысты дыбыстар уәлаятына серуен.

! Тыңдаушылар, қазір интербелсенді тақтаның бетіне дауысты дыбыстардан басталған бірнеше сөз жазуы шығады. Бірге дауыстап төрт рет, тағы да жеке-жеке бір рет оқып шығайық. Сөздерді мұқият естеріңізде сақтаңыздар. Содан соң

2-тапсырма. Жақшаны ашып, тиісті дауысты дыбыстардың жұбын қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.

С(а,ә)яс(а,ә)тшыл(а,ә)р келеді, кетеді,
ал ан(а,ә) тілі – м(а,ә)ңгілік. Осыны есте үст(а,ә)йық.

IV Дауыссыз дыбыстар уәлаятына серуен.

Көп нүктенің орнына тиісті дауыссыз дыбысты қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Сергіту сәті. Сөзжұмбақты шешу.

1. Үлт атауы
2. Шеше
3. Уақыт
4. Әкенің әкесі
5. Ас ішетін ыдыс
6. Әдемі
7. Сабақтың атауы
8. ... түс
9. Ас атауы


K	3	A
A	K	T
3	C	3
A	H	K
K	A	3
C	3	A
T	K	H
A	H	C
H	T	K

V Ойлан, тап!

1-тапсырма. «Қатардан шығып қалма!»

Сызбада берілген тірек әріптерді пайдалана отырып, сөздер жазамыз.

Кім көп сөз жазса, сол тыңдаушы ары қарай сайысты жалғастырады.



2-тапсырма. Берілген диалогті (сұхбатты) толықтыру.

Сәләметсің бе?! Танысайық. Менің  – Айдарбек.

– Сенің  кім?

– Сәлеметсің бе?! Менің  – Сәкен.

– Танысқаным  .

Мен де танысқаным  .

– Сау бол!

– Сау бол!

3-тапсырма. Әріптерге байланысты өлеңдерімізді жатқа айтайық.

Әріп пен ұғым

Руслан Нұрбай

Көз алдымда зымырайды елік-күн,
Елік-күнге мен қалайша еріппін?!
Жан деген бір үш әріп кеп ғайыптан,
Өмір деген төрт әріпке еніппін.
Содан бері бұлдырайды сағым-күн,
Сағым күнде сабылумен жаным жүр.
Ана деген үш әріпке жаутаңдап,
Бала деген төрт әріпті жамылдым.
Сол атауды өтіп жатқан жеңді күн,
Жеңді күнім, менің атым енді кім?!
Әке деген үш әріптен таныдым,
Дала деген төрт әріптің кеңдігін.
Жайсаң жанға шапағатын құйсын күн!
Құйсын күнім, махаббаттан құйсін мұң.
Ару деген үш әріпті армандап,
Сұлу деген төрт әріпке сүйсіндім.
Ақ пен қара жолдарымның жолағы,
Жолағы да уақыттың қонағы.
Дос деген сол үш-ақ әріп кей кезде,
Туыс деген төрт әріптен жоғары.
Тас төбемде жарқ еткенде жасын күн,
Жасын күнде жасағандай жасым мың.
Жыр деген сол үш әріпке ғашық боп,
Ақын деген төрт әріпке бас идім.
Тістенумен кейде көзге жас алып,
Жас алумен кете алмассың жасарып.
Жер деген бір үш әріпте жүрміз-ау,
Өлең деген төрт әріптен өш алып.
Ғажап шақтың өтеріне ой салмай,
Ой сала алмай, тентектіктен тайсалмай.
Аға деген үш әріпке жетіппіз,
Ақыл деген төрт әріпті айта алмай...

Қорытынды. Саяхат сабағымыздың соңына (ақырына) да жеттік. Қазақ тілі фонетикасынан алған білімдерімізді тексердік, нәтижесін көрдік.

Үй тапсырмасы: онынан да, солынан да бірдей болып оқылатын сөздерді жазып келейік. Мысалы, ана, ара, аға, қазақ, т.б.

БУЫН ЖӘНЕ БУЫННЫҢ ТҮРЛЕРІ. ТАСЫМАЛ

Сөздер буындарға бөлінеді. Сөздердегі буын саны дауысты дыбыстарға қатысты болады. Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Дауысты дыбыс сөз басында жеке тұрып та, дауыссыз дыбыспен тіркесіп келіп те буын құрайды. Мысалы а-на, ба-ла, ы-қы-лас. Тілші ғалымдар қазіргі қазақ тіліндегі буын түрлерін ашық, тұйық, бітеу деп үшке бөледі.

Буында мағына болмайды.

Қазақ тіліндегі байырғы сөздер қос дауыссыздан басталмайды. Қос дауыссыздан басталатын кірме сөздерді айтқан кезде арасына дәнекер дыбыс қосып айту қалыптасқан. Мысалы, стол – үстел, кровать – кереует, князь – кінәз. Қазір тілімізде екі немесе үш дауыссыздан басталып, жазылатын кірме сөздер кездеседі. Мысалы, стиль, студент, станция, спринт, структура, спорт, стратегия, взвод, арктика.

Буын, буынның түрлері

Ашық буын деп дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа біткен немесе сөз басында келіп, жеке тұрған дауысты дыбыстан болған буынды айтамыз.

Мысалы,
ба-ла-ға, та-ға, а-на-ма, ә-ке-сі-не, да-ла-да, а-та-сы-на.

Тұйық буын деп дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа біткен буын түрін айтамыз. Мысалы, ұлт, ант, ар, ал. Тұйық буын сөздің бастапқы буыны ғана бола алады.

Қазақ тілінде кейінгі екінші, үшінші, т.б. буындар тұйық буын болмайды, себебі бастапқы буын ғана дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталады. Мысалы, ол сөзі түбір күйінде тұрғанда, тұйық буын болады, ал осы сөзге жалғау жалғасак буын түрі өзгереді, о-ны, о-ған.

Бітеу буын деп дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін, ал дауысты дыбыс дауыссыздардың ортасында келетін буын түрін айтамыз.

Мысалы,
күн, мек-теп-тер-ден, бұл-бұл, қарт-тық, шат-тық, сұл-тан, бұл-дір-шін.

Ескерту! Кейде бір сөздің құрамында әртүрлі буындар кездеседі. Мұндай сөздерді аралас буынды сөздер дейміз. Мысалы, ал-тын, ал-ма, а-нық, ат-тан, О-тан, ас-тық, ор-да, ел-та-ну, өз-ге-ріс, ар-тық-шы-лық, ас-паз, ән-ші, кү-рес.

Мамандықтың бәрі жақсы

Отанына адал қызмет ету – әрбір адамның қасиетті парызы. Мен де өз еліме пайдалы қызмет еткім келеді. Елімнің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Бірақ елімнің болашағы үшін кім болғаным дұрыс? Еліміз экономикасының дамуына, мемлекетіміздің гүлденуіне септігін тигізер геолог болсам ба екен? Соңғы кезде елімізде қылмыс өршіп кетті, сондықтан заңгер болсам ба екен? Әлде адам жанын емдейтін психолог болсам ба екен?

Кейде, тіпті ұшқыш та болғым келеді. Ұшақпен көк аспанда зымырап, құсша қалықтап ұшқым келеді. Асыққан жолаушыларды қажетті жеріне дәл уақытында жеткізгім келеді. Көпшіліктің алғысына бөленгенге не жетсін, шіркін! Мен әлі кім болатынымды шешкен жоқпын. Анам да, ұстазым да: «Сен әлі кішкентайсың ғой, көзқарасыңды әлі талай өзгертесің. Мамандықтың жаманы жоқ, ең бастысы адал азамат болу керек», – дейді. Иә, мамандықтың бәрі жақсы. Үлкейгенде бір емес, бірнеше мамандықтың иесі болғым келеді. Себебі, «Ер жігітке жеті өнер де аз» деген ғой аталарымыз. Ал сенің болашақта кім болғың келеді, замандасым?

Нұрсұлтан, 2004 жыл

1. Айжан журналист болғысы келеді, ал сіздің болашақта кім болғыңыз келеді?

2. «Мамандықтың бәрі жақсы» деген аталы сөздің мән-мағынасын қалай түсінесіз?

3. Буын дегеніміз не?

4. «Менің таңдаған мамандығым» атты тақырыпқа шығарма жазыңыз.

?!

Шығарма жазу барысында төменде көрсетілген нұсқауларды басшылыққа алыңыздар.

Ұсынылған тақырып бойынша жоспар құрыңыздар.

Шығарма тақырыбы тырнақшаға алынбайды және соңына нүкте қойылмайды. Тақырып ретінде дәйексөз алынған жағдайда ғана тырнақшаға алынады.

Егер эпиграф жазылатын болса, онда оны парақтың оң жағына тырнақшаға алмай жазады. Эпиграфқа алынған жолдардың авторының аты-жөні дәйексөз астына жазылады да, жақшаға алынбайды. Эпиграфтың қай туындыдан алынғаны көрсетілген жағдайда, автордың аты-жөнінен кейін үтір қойылып, шығарманың аты тырнақшаға алынып жазылады.

Жоспар эпиграфтың астына, эпиграф жоқ болса, онда бірден шығарма тақырыбынан кейін жол ортасына «Жоспар» деп жазылады да, соныан нүкте қойылады.

Жоспар үш бөлімнен: кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады.

Әрбір бөлім рим цифрымен белгіленеді, одан кейін нүкте немесе жақша секілді тыныс белгілері қойылмайды.

Негізгі бөлім араб цифрымен белгіленген үш тармақтан тұрады. Әр тармақтың атынан кейін нүкте қойылады, ал араб цифрлары жақшаға алынбайды.

Шығарма бөлімінің, тармақтарының атаулары аз сөзді, сол бөліктің мазмұнын, мәнін ашатындай терең мағыналы болуы қажет. Шығарма тақырыбын жоспар бөліміне, тармақтарға қайталап атау ретінде қоюға болмайды.

Жоспар бөлімдерінің атауларында баяндауыш ретінде тұйық етістіктен (қимыл атауы) басқа етістікті қолдануға болмайды және сұраулы сөйлем болмағаны дұрыс болып табылады.

Шығарма жоспардан кейін жаңа азат жолдан басталып жазылады. Шығарманың мазмұны тақырыпқа сәйкес болуы, сонымен қатар шығарма таза, ұқыпты әрі анық жазылуы қажет.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра **тексермедім.**

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды **мезгілінен** кеш сермедім.

(Абай)

1. Өлең шумақтарын буынға бөліп, көшіріп жазыңыздар.
2. Қарамен жазылған сөздердің құрамындағы буын түрлерін айқындаңыздар.

1-жаттығу. Буынның үш түрі де кездесетін сөздер бар ма? Анықтаңыздар.

Пейзаж – француз сөзі, ел, мекенжай деген ұғымдарды білдіреді.

Пейзаж – көркем шығармаларда жазушы суреттеген табиғаттың көрінісі. Көркем шығармадағы оқиға болып жатқан мекен табиғатының сөзбен берілген суреті. Оқиға желісіне қарай суреткер қаланың, ауылдың, тау-тастың көрінісін немесе мезгіл-

ге байланысты қыс не жаз маусымын суреттеуі мүмкін. Сондықтан да осындай суреттеулерге байланысты пейзаж қала, ауыл, теңіз немесе күзгі, көктемгі, қысқы, т.б. көріністердің пейзажы болып аталады.

Пейзажда құбылыс пен табиғат көрінісінің, жарық пен әуенің, уақыт пен кеңістіктің бейнеленуі адамның табиғатқа қатынасы мен дүниетанымының, ой-өрісі мен сезімінің сәтті көрініс беруіне тығыз байланысты болып келеді.

* * * * *

Журналист интервью кезінде суретшіге былай деп сұрақ қойды:

Неліктен сіз соңғы уақытта натюрморттарыңызда тек жеміс-жидек пен көкөністерді ғана бейнелейтін болдыңыз?

Ой, терапевт дәрігер маған вегетариандық диета тағайындап қойған жоқ па...

Тасымал

Жазып келе жатқанда осы жолға тұтастай сыймаған сөзді буын жігіне қарай ажыратып, келесі жолға қалған бөлігін жазуды тасымал дейміз.

Мысалы, ын-ты-мақ, бас-тық-тан.

Мамандық – өмірлік серігің

1-жаттығу. Мәтіннен тасымалдауға келмейтін сөздерді тіріп жазыңыздар.

...Балауса ұйқының құшағында жатқанымда көкжиек асып көтеріліп келе жатқан арайлы күннің нұрлы сәулесі қытықтап оятты.

Таңғы арай... Таңғы арайдың таңғы шапағы көк пен белді көріктендіріп, тіршілік атаулыны тәтті ұйқыдан оятып, барша

табиғатты сұлу нұрға бөлеуде. Әрбір атқан арайлы таң – мұнарлап тұрған арман, болашаққа жол көрсетер нұрлы сәуле.

...Тереземнен сығалап тұрған күн шапағына еркелеп, орнымнан тұра бере, керегедегі күнтізбеге көзім түсті. Білімнің бесігінде тәрбиеленген аяулы мектебіммен қоштасар сәттің, өмір атты даңғыл жолға түсер күннің жақындап қалғандығы мені терең ойға жетеледі.

Иә, нұрлы білім таңғы арай секілді. Саған рауан шуағын төгіп, сені шын бақыттың құшағына бөлейді.

Өмір – даңғыл жол... Ендеше, сол жолды адам баласының барлығы дерлік дұрыс мамандықты игеріп, сауатты маман болудан бастамай ма? Мамандық – адам баласының өмірлік серігі. Адам баласы өмірде екі нәрседен қателеспеуі керек. Бірі – жар таңдау болса, енді бірі – мамандық таңдау. Мамандық – мәңгі таусылмас өмірлік азығың. Ол сенің жан дүниеніңмен астаып жататын форма іспеттес десем де болады.

Олай болса, осы тұста біздер мамандықты дұрыс таңдай алудамыз ба? Ұзақ ойланатын сұрақ... Әрине, техника дамып, экономика саласы шарықтап тұрған, көк қағаздың құны артып тұрған заманда жастар қауымының көбі өз жолдарынан адасуда. Бүгінде біздер, ел болашағынан үміт күттірер жастар, ақшаның буымен бусанып, әдебиетіміз бен мәдениетімізді ұмытып кеткен жоқпыз ба?

Мектеп бітіруші түлектердің барлығы ҰБТ-да техникалық пәндерді таңдауда. Техниканы жетік меңгеріп, елімізді өркениетті ел қатарына қосуда аянбай қызмет етер болса, менің оларға еш қарсылығым болмасы анық. Алайда жеңіл өмірге бой алдырып, қаржылы мамандықтың иесі болып, қалталы болуды армандайтын жастар қауымы ертеңгі күні қандай маман иесі боларын ойлап көріңізші... өмір дегенің – өз дегенің істетпей қоймайтын қатал тағдыр емес пе?

Күні кеше мектеп бітірген құрбыма қарап отырып, ұзақ ойланамын. Ол да әдебиетті жанындай жақсы көреді. Республикалық жарыстардан орын алғанына қарамастан, оқу грантын іздеп, физиканы таңдап, бүгінде сол мамандық бойынша дәріс алуда. Және де соған қарамастан, журналистерге қызығып, журналист болудың түрлі жолын іздестіруде. Бұл оқиғадан сабақ алған мен

өмірлік серігім – мамандығымды таңдауда жүрегіме ерік бердім. Халық – өркениетті халық болуы үшін ең алдымен, өз ділін, дінін ардақтап, тарихы мен әдебиетін терең ұғынуы шарт деген қағиданы ұстана отырып, жас буынды өркениетке бастар жолды көрсетер, халықты құнды да қызықты ақпарат-мәліметтермен таныстыратын сауатты журналист болғым келеді.

Я мұғалім, я дәрігер, я экономист бол, ең бастысы, өз мамандығыңның сауатты маманы болғайсың!

Құрметті достым, сен өмірлік серігің – мамандығыңды дұрыс тандай білдің бе?

Айжан Жамбылбаева. III. Смағұлов атындағы Алматы облыстық мектеп-интернаты.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 2010 жыл

2-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыздар, екпін түспейтін буындарды, сөздерді астын сызып көрсетіңіздер.

Менің таңдаған мамандығым

Мектеп бітіріп, үлкен өмірге бастар жолдағы алғашқы қадамым мамандық таңдаудан басталды. Кім болсам екен? Мамандықтың түрі көп, қазіргі заман талабы мен сұранысына сай келетін кәсіппен айналыссам ба екен, әлде ата-анамның кеңесін тыңдасам ба екен? Осындай екіұдай сезімде жүргенімде, қазақ тілі пәнінің мұғалімі, өзімнің сүйікті ұстазым көмектесті. «Өз жүрегіңді тыңда, көңілің нені қаласа, соған барғаның дұрыс. Сауатты, білікті маман болып қана қою адамды бақытқа жеткізбейді. Шын мәнінде бақытты болғың келсе, өзің қалаған мамандығың бойынша жан-жақты білім алуға тырыс. Таңдаған мамандығыңның иесі болу – бұл шын бақыт пен үлкен жетістікке апаратын айқын жол», – деді аяулы апайым. Иә, «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан», – деп ұлы Абай атамыз айтқандай, мен де өмірден өз орнымды табуға ұмтылдым. Арманым – адам жанын емдейтін психолог болу. Өмірде адасқан жандарға өз жолын тауып, бақытты болуына көмектескім келеді. Елімізде бақытты жандар көп болса екен деп тілеймін.

Естеріңізде сақтаңыздар!

Сөздер буын жігімен ғана тасымалданады. Кейбір сөздер тасымалдауға келмейді. Мына жағдайда сөздер тасымалданбайды:

1) Бірінші буыны ашық және бір ғана дауысты дыбыстан тұратын: а-на, ә-ке, а-ға, а-та, о-тан, о-тау, а-тан сияқты сөздерді тасымалдауға болмайды..

2) Екі немесе үш дыбыстан құралған тұйық буынды: ар, ақ, ант, ал, ол, ат, ұлт, өрт, ас, аз, ұрт секілді сөздерді тасымалдауға болмайды..

3) Ә, сенбісің? О, қандай тамаша! – деген секілді сөз тіркестерінде жалғыз дыбысты сол жолға қалдырып, келесі сыңарын басқа жолға бөліп жазуға болмайды.

4) Құрамында бір ғана дауыстысы бар үш не төрт, бес дыбыстан тұратын бітеу буынды: таң, тау, тас, карт, төрт, спорт, старт, вольт, ватт, джоуль секілді сөздерді буынға бөлуге және тасымалдап жазуға болмайды.

5) Адамның аты-жөні қысқартылып жазылған жағдайда аты-жөнінің бас әріптерін сол жолға қалдырып, ал тегін келесі жолға жазуға болмайды: Т.С. Нұрқасымов, Р.Т. Асаналиева, А.С.Пушкин, М.Сералин.

6) Тек сөздердің бас әріптерінен құралған, буынға жіктеуге келмейтін қысқарған сөздерді: ҚБТУ, БҒМ.

6) 1 кг, 10 га, 50 см, 100 км секілді сан есіммен тіркескен қысқарған сөздерде цифрын бір жолға қалдырып, ал қысқарған сөзді келесі жолға жазуға болмайды.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Қазақ тілінде төл сөздеріміздің басым көпшілігі бірыңғай не бірыңғай жіңішке болып айтылады. Мысалы, ана, ата, бала, бақыт, әке, шеше, іні.

Сонымен қатар сөздерге жалғанатын қосымшалар түбірдің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына байланысты біркелкі жуан не біркелкі жіңішке болып жалғанады. Мысалы, ана-мыз-ға, бала-лар-ымыз-дан, әке-лер-іміз-ге, күнделік-тер-ді. Қосымшалардың түбір сөздердің соңғы буынының не жуан, не жіңішке болуына байланысты бірыңғай жуан немесе бірыңғай

жіңішке болып жалғануын және түбірдің, сөздің соңғы дыбысының дауысты немесе үнді, ұяң болса, оларға үстелетін қосымшалардың үнді не ұяң, ал қатаң дыбысқа аяқталған сөздерге қосымша қатаңнан басталып, үйлесіп жалғануын, сонымен түбір мен қосымшаның, сөз тіркестерінің арасындағы соңғы және алдыңғы дыбыстарының бір-біріне әсерін қазақ тілінде үндестік заңы деп атайды.

р/к	Үндестік заңының негізгі белгілері	Мысалдар
1	Түбір сөздің соңғы буыны жуан болса, оған үстелетін қосымша да жуан болады.	Ата-мыз-ға, ана-лар-дан, кітап-тар
2	Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған үстелетін қосымша да жіңішке болады.	Ес-те-лік, кел-етін, сөй-ле-ген, мұғалім-дер, еңбек-ші-лер, ән-ші
3	Түбір сөздің соңғы дыбысы дауысты не үнді болса, оған жалғанатын қосымшалар үнді немесе ұяңнан басталады.	Ана-ма, көше-лер-де, ай-лар-дан, жыл-дық, шам-дар, ұн-нан
4	Түбір сөздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады.	Қыз-дар-дан, жаз-да, күз-дік, мұқтаж-дық, жез-ден, қаз-дар
5	Түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған үстелетін қосымшалар да тек қатаңнан басталады.	Тас-тар, орындық-та, кірпіш-тен, хат-қа, қыс-қы, бас-тық

Ескерту. Түбірдің соңғы дыбысы дауысты болса да, III ж. тәуелдік жалғауы қатаңнан басталып жалғанады. Мысалы, оның ана-сы, әке-сі, іні-сі. Сонымен қатар өзі жалғанған сөзге болымсыздық мәнін үстейтін -сыз/сіз жұрнақтары да түбірдің соңғы дыбысына бейімделмейді. Мысалы, бала-сыз, ай-сыз, жел-сіз.

Реттік сан есімнің жұрнағы жиырмаға қатаң -с-дан басталып үстеледі. Жиырма-сыншы.

Үндестік заңын ғалымдарымыз ғылыми тілде сингармонизм деп те атайды. Сингармонизм сөзі – гректің sun «бірге» деген сөзінен шыққан; буын үндестігі және дыбыс үндестігі деп бөлінеді.

Алтай аясында

Ал десең, аясына алады Алтай,
Көргенде көңілге күй салады Алтай.
Сұлудай торғын киген бұлт жамылып,
Арқаға әлденеше қарады Алтай.

Алтайдың ең үстінде Ақтау биік,
Бойына бұлт жете алмай тартқан күйік.
Андары бұғы, марал ойын салып,
Секірген қиясында өршіл киік.

Алтайдың алқабында аю, қабылан,
Оңтүстік даласында орғып құлан.
Елігі, ешкісі мен есебі жоқ,
Жайылып сайын шөлде сайраңдаған.

Секілді ақ бас атан ала басы,
Бұлт жайлап, бұлттан өзге қона алмаған.
Ақша қарда күмістей ай шағылып,
Жібектей бұлттан басқа оранбаған.

(Иса Байзақов)

?!

1. Өлеңді жаттап алыңыздар.
2. Фонетика не зерттейді?
3. Үндестік заңы дегеніміз не?
4. Буын үндестігіне мысалдар келтіріңіздер.
5. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?
6. Күйік, киік, аясына, қиясына, Алтай, бұлт сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
7. Қазақ тілінде қандай буындарға екпін түспейді?

Буын үндестігі

Түбір сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да бірыңғай жуан болады; ал соңғы буыны жіңішке болса, онда оған жалғанатын қосымшалар да бірыңғай жіңішке болады. Үндестік заңының бұл түрін буын үндестігі деп атаймыз. Мысалы, бала-лар-ымыз-ға, әке-лер-іміз-ден, кітап-қа, қадір-леу.

Бірақ қазақ тілінде осы үндестік заңына бағынбайтын біраз қосымшалар да бар. Олар түбірдің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарамастан жалғана береді. Мысалы,

- хана: кітап-хана, ауру-хана, дәрі-хана;
- паз: әсем-паз, білім-паз, өнер-паз;
- кер/гер: талап-кер, жұмыс-кер, еңбек-кер, арда-гер;
- қор: еңбек-қор, мирас-қор;
- ікі, -дікі/тікі: он-ыкі, мен-ікі, қыз-дікі, мектеп-тікі;
- мен/менен, -бен/бенен, -пен/пенен: бала-мен, қыз-бен, кітап-пенен;
- кеш: арба-кеш, пайда-кеш;
- гөй: ақыл-гөй, дана-гөй;
- күнем: пайда-күнем, мас-күнем;
- қой: сән-қой, әуес-қой;
- ов,-ев: Әмір-ов, Құлба-ев;
- тай: ерке-тай, сәуле-тай;
- жан: әке-жан, ата-жан, әкпе-жан;
- еке: аға-еке, ата-еке; -сымақ: кісі-сымақ, үлкен-сымақ.

Қазақ халқының ұлттық қолөнері

1-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңыз. Мәтіннен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыздар, себебін айтыңыздар.

Әшекей бұйымдар

Рухани мұраларымыздың маңызды түрлерінің бірі – әшекей бұйымдар. Сол әшекей бұйымдардың беттеріндегі өнегелік жазбалар мен өрнектері, тәлімдік түйіндері назардан тыс қалып келеді.

Жетісу жерінен табылған, қазір Британ мұражайында сақтаулы қалайыдан жасалған айна жиегіндегі жазулар (XII-XXII ғ.) өзіндік тәлімдік түйіндерімен құнды. Бұл айнада «Айнадай әсем бол» деген нақыл сөздер бар. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданынан табылған тас мәрде өрнектеліп жазылған «Таңда да, уан!» деген сөздің ертедегі руникалық әріппенен жазылғандығы белгілі. Демек, өмірден әр нәрсені таңда, содан мейірім

тап деген сөз бұл. Павлодар қаласындағы өлкетану мұражайында сақтаулы күміс білезіктегі түркі жазуы қазақша былай оқылады: «Шашылған асыл қазына күлмен тең».

Алтынмен апталған, күміспен күптелген, көмкерілген небір белбеулерде әртүрлі жазулар сақталған. Сондай бір белбеуде «Белінді бекем бу келген жауға» деген өсиет сөз жазылған. Ал қыз балаға, келіншектерге арналған белдіктерде «бір Алла жарылқаушы», «Бойыңды тік ұста» деген өрнекті жазулар бар.

1. Екпін дегеніміз не?

2. *Ана, әке, іні, аға, ата, ант, ұлт, қарт* сөздерін тасымалдауға бола ма?

Ерін үндестігі

Сөздердің бастапқы буындарында еріндік дауысты дыбыстар келсе, кейінгі буындарда келген езулік е-ө, ы-ү, і-ү болып айтылады, ал жазуда езулік дыбыстарды танбайтын е, ы, і әріптері сақталады. Үндестік заңының бұл түрін ерін үндестігі деп атаймыз. Мысалы, айтылуы: көбөлөк, жұмұшшү, күңгүрт, орудүк, түргүн; жазылуы: көбелек, жұмысшы, күңгірт, орындық, түрғын.

Ерте кездерде (X-XIV ғ.) адамдардың белдіктеріне қарап, олардың қандай тектен шыққанын және әскери шендерін білген. Егер алтынмен не күміспен қапталған белдік бай адамдікі екендігін аңғарсақ, ал теріден жасалған белдіктің жауынгерге арналғанын аңғарамыз. Екінші бір белдіктің шетінде қалтасы бар, олар саудагерлер мен көпестерге арналып жасалған. Орыстың белгілі ғалымы В. Радловтың сөздігінде: «Қалталы әшекей белдіктерде құранның сүрелері сақталады» делінген.

Әртүрлі пәле-жаладан сақтау үшін зергерлер мен кестешілер әдемі өрнектермен нақышталған үшбұрышты және түтікше бойтұмарларды жасап, ішіне қуыс қалдырып, оған дұғалар мен құран сүрелерін сақтаған. Осындай тұмарлар адам бойына қуат беріп, көңіліне сенім тудырған. Ол бойтұмарлар көбіне түсті

металдардан, маталардан немесе терілерден жасалған. Тұмар рөлін атқарған, көркем жасалған қоңыраулы алқалар да болған. Осындай бір алтын алқаның жиегінде «Тікенек көзден, шайпау сөзден сақта» деген сөз жазылған.

Зергер мен ұсталардың өнерінен туған әшекей бұйымдар арулардың бойына көрік, ажар, жігіттерге жігер беретіндіктен, ондағы жазулардың тәлімдік рөлі арта түскен. Көптеген әшекей бұйымдар ұзатылатын қыздың сән-салтанатты жасауы ретінде пайдаланылған.

?!

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, ат қойыңыздар.
2. Мәтіннен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыз, себебін айтыңыздар.
3. Үндестік заңы дегеніміз не?
4. Буын үндестігі дегеніміз не?
5. Бойжеткен сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Дыбыс үндестігі

Ілгерінді ықпал деп түбір мен қосымшаның және сөз бен сөз аралығында дыбыстардың алдыңғысының соңғысына әсер етіп, өзіне бейімдеуін айтамыз. Мысалы, жазылуы: ала қой, үш сом, қаш-са; айтылуы: ала ғой, үш шом, қаш-ша.

Кейінді ықпал деп түбір мен қосымшаның және сөз бен сөз аралығында дыбыстардың соңғысының алдыңғысына әсер етіп, өзіне бейімдеуін айтамыз. Мысалы, жазылуы: бас-шы, жаз-сын; айтылуы: баш-шы, жас-сын.

1-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, одан үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөздерді тауып астын сызыңыздар.

Әшекей бұйымдар

Ертеден бері қазақ жерінде қыз-келіншектерді ажарландыру үшін оларға арнап алуан түрлі әшекей бұйымдар жасалған. Сондай әсем бұйымдардың бірі – жүзік. Оның үстіңгі бетіне не-

бір асыл тастардан көз жасалып, шеті өрнектермен безендірілген.

Сонымен бірге ерлер мен әйелдерге арнап соғылған сақиналар да болған. Бойжетіп келе жатқан қызға мұра ретінде өсиет сөз жазылған қымбат жүзіктер дайындалған. Аса қадірлі жүзіктерге Мұхаммедтің атын жазған. Қазақ қыздары мен әйелдеріне арналған көркемдік бұйымдардың бірі – сырға, сырғаны көбіне бойжеткен қыздар тағады. Сырғаның да небір әдемі түрлері бар. Оның түрлері айшықты, тұмарлы, салпылдақ, қоңыраулы, қозалы, оюлы, жапырақты, т.б. деп аталады.

Бойжеткендер шолпы таққан. Шолпыны кестелі жіпке қосып өрген. Сол тиындардың беттерінде «Бойынды тік ұста», «Сылдырлатсаң тиынды, жоғалтарсың сыйынды» деген сөздер бар. Шолпы таққан бойжеткендерге денеңді тік ұстасаң, тиындар сылдырламайды деп шарт қойған. Тиындар кісі алдынан өткенде сылдырласа, ол үлкен әдепсіздік деп есептелінген. Екіншіден, тиындарды сылдырлатпай, бойынды тік ұстасаң, онда денең оқтай түзу болып өседі деген тәлімдік ойлар бар. Қыз балаға арналып жасалған әсем бұйымдардың тағы бірі – қоржын, қойынқалта. Қоржынды неше түрлі моншақ және алтын әріптермен зерлеп, оқалаған. Кей кездері оның бетіне қысқаша кұран сөздері жазылған.

Қазақтың арулары мен ерлеріне ортақ болған әсемдік дүниелердің бірі – ер-тұрман. Әсіресе, әйелдердің ер-тұрмандары көркем болған. Кейбір қадірлі батыр, биге арналған ер-тұрмандардың алдыңғы жағындағы беттерінде күміспен өрнектелген жазулар болған. Ол жазуларда «Сапарың оң болсын», «Алла сақтасын», «Алла күш-қуат берсін» деген сөздер бар.

Қазақ жасаған зергерлік бұйымдары біздің бабаларымыздың он саусағынан өнері тамған, жаны сұлу адамдар екенін дәлелдейді. Шеберлер жазған тәлімдік сөздер адам бойы мен ойының таза болуын және ұлтымыздың салт-дәстүрін сыйлауға үйретеді.

Тұрсын Әлсатов, «Парасат» журналынан

2-жаттығу. Мәтінді оқыңыздар және мағынасына қарай бірнеше бөліктерге бөліңіздер.

Ойды қағазға түсірудің төрт тәсілі

Адамның берген жауабы, қимыл-әрекеті оның көзқарасын анықтайды.

Джим Рон.

– Уақытты басқара білудің ең керемет тәсілдерінің бірі – қағазда ойлана білу қабілеті болып табылады. Табысты кәсіпорынды жасау – үй тұрғызған тәрізді іс. Сіз идеяны ойша толғанып жүресіз де, қағазға түсіресіз, сосын барып оны жобаға айналдырасыз. Менде ИДЕЯ НЕГІЗІНДЕ ЕМЕС, ҚҰЖАТ НЕГІЗІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ дейтін түсінік бар.


– Күнді жоспарлау да қағазға түсіруді талап етеді. Бұл – адамның таңертең тұрып «Бүгін мен не істеуім керек екен, қане қарайық та?» дегеніндей, түкке жарамайды. Бұл өте кеш болады. Мұндай адамның ең жақсы істей алатыны, ол – күннің қалған кезінде келер күнді, келер аптаны, келер айды қалай өткізуді жоспарлай бастауы.

– Ойды қағазға түсіру – бұл шабыт ағымы. Ол «Не істеу керек?» деп тек тізім құрғанға қарағанда, әлдеқайда көп алуан нұсқаларды шамалайды. Өміріңізді жоспарлауда Сіздің пайдалануыңызға болатын төрт түрлі өте маңызды әдіс бар.

(Әсет Мұқашибеков, Тілеуберді Құлиев. Желілі бизнестің көмегімен ақымақтық пен жоқшылықтан қалай құтылуға болады? 99-103 б.)

ЕКПІН

Екпін деп сөз ішінде бір буынның ерекше көтеріңкі дауыспен айтылуын айтамыз. Қазақ тілінде екпін тұрақты, сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы, ба-ла, ба -қыт. Қазақ тілінде буынды негізгі және көмекші екпін деп екі түрге бөлеміз. Негізгі екпін сөздің соңғы буынына түседі, ал сөзге қосымша жалғанғанда, түбір сөздің соңғы буынындағы негізгі екпін қосымшаға көшеді де, ал оның көмескі ізі түбірдің соңғы буынында сақталып қалады, көмекші екпін қосымшалы түбір сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы, ба-ла, ба-ла -ға.



Қанағатшыл құмырсқа

Сүлеймен патша өз заманында әділдігімен аты шыққан дана адам болған. Сүлеймен патша жан-жануарлардың, құрт-құмырсқаның тілін біледі екен.

Бір күні Сүлеймен патша жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде ат шалдырып, дем алып отырса, кішкентай бір құмырсқаның дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да, алақанына салып тұрып:

– Қане, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың? – деп сұрайды.

– Илеуіме апарамын, – дейді құмырсқа. Сүлеймен данышпан сұрайды:

– Оны қайтесің?

– Кейінге сақтаймын, – дейді құмырсқа.

– Көп жинайсың ба? – деп сұрайды.

Құмырсқа өз шаруасының жайын былайша баяндайды:

– Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да, қыстыгүні қаннен қаперсіз тынығып жатамын.

Данышпан құмырсқаны шыр айналдыра қарай бастады:

– Басың неге үлкен?

– Аз сөйлеп, көп ойлаймын.

– Белің неге қылдырықтай?

- Қомағай емеспін.
- Жылына қанша дән жейсің?
- Бір дән жеймін...
- Соған қанағат етесің бе?

Одан көп жей берсем жер бетіндегі басқа құмырскалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!

Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да, құмырсқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.

– Бір жылдан кейін келемін. Дәннің бар жейтін, қамсыз жата бер, – дейді данышпан құмырсқаға ескертіп. Осылайша құмырсқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді.

Бір жыл өткен соң данышпан әлгі құмырсқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырсқаның өлі-тірісін білмек болып, қорапты ашады. Қараса, құмырсқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті. Бұған таңданған данышпан:

– Ей, құмырсқа, – депті мұның себебін білмек ниетпен. Сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғансың? Не себептен сонша үнемдедің?

Сонда құмырсқа былай депті:

– Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал сен болсаң мені қорапқа салып, қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.

Данышпан құмырсқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсініп:

– Менің істеген ісім дұрыс болмапты, кешір! – депті де, құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен.

Сүлеймен данышпан адам баласына қанағаттың қасиетін үйретіпті.

Ел аузынан

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.
2. Мәтіннен екпін түспейтін буындарды табыңыздар.
3. Аралас буынды сөздерге талдау жасаңыздар.

Тіл – әлем есігін ашатын ғажайып кілт

Тіл дегеніміз – адамдардың қарым-қатынасында өте маңызды қызмет атқаратын қуатты құрал. Тіл дегеніміз – түсіністіктің, тілдік қатысымның басты құралы. Әрине, тілдің негізгі құралы – сөз. Ал сөздің негізі ой-санада жатады. Сөз арқылы адамдар ойын сыртқа шығарады. Тілдің көмегімен адамдар достыққа, ынтамақтыққа, татулыққа, бірлік-берекеге қол жеткізеді. Тіл – адамдықтың, имандылықтың асыл қасиеті, қайнар көзі. Адамдармен қарым-қатынасты өрістете түсу үшін өзге халықпен, басқа ұлт өкілдерімен тілдік қарым-қатынас жасау қажет. Адам тілі – өте қызық, ғажайып сырға толы құпиялы дүние. Лингвист ғалымдар жер бетінде жалпы жеті мыңдай тіл бар екенін айтады. Ал мемлекеттік тіл мәртебесіне 130 тіл ғана ие болған. Біздің қазақ тілі де – осындай құрметке ие болған санаулы тілдердің бірі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – Отанымыздағы және жат жұртта жүрген қазақтардың ана тілі. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін ана тілім деп санайтындары да аз емес. Өзге ұлт өкілі болса да, «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып отырған Асылы Осман ханым осы сөзіміздің жарқын дәлелі бола алады.

Адам қанша тілді жақсы білсе, сонша елді білемін деп айтуға құқығы бар. «Үш тіл білсең, өзгелерден үш есе, жеті тіл білсең, өзгелерден жеті есе биік тұрасың» дейді халық даналығы. Әлемде әртүрлі тілдер бар. Әртүрлі халықпен қарым-қатынас жасау үшін шет тілін үйрену керек. Тіл тек тілдік қатысым ғана емес, білімнің де негізі, бастауы. «Өнер алды – қызыл тіл» деп дана бабаларымыз текке айтпаған. Барлық жақсылық, игі істердің бәрі тілден басталады. Тіл – әлемнің, бар жаһанның есігін ашатын сиқырлы құрал, ғажайып кілт. Сондықтан парасатты да білімді боламын деген адам тіл үйренуі керек.

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңыздар.
2. Екпін түспейтін буындардың астын сызып көрсетіңіздер.

2. Негізгі екпін дегеніміз не?
3. Көмекші екпін дегеніміз не?
4. Не себепті қазақ тілінде екпін тұрақты деп айтамыз?

* * * * *

Дана ойдан шыққан асыл сөз

«Тәрбие басы – тіл».

Махмұд Қашқари

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

Абай

«Тіл – халық қазынасы».

«Тілден артық қазына жоқ,
Тілден артық қасиет жоқ»

Н.Ә. Назарбаев

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту
– бүкіл ата-бабамызды, тарихымызда ұмыту».

Бауыржан Момышұлы

«Өркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе»

С. Мұқанов

Өнер алды – қызыл тіл.

Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.

Аспанда тірек,
Тілде тиек жоқ.

Туған ел – тұғырың,
Туған тіл – қыдырың.

Халық даналығы

Тіл ұстарту сабағы

Менің көшбасшым

Қазақ елі, дархан қазақ даласы – ата-бабамыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап жеткізген, бізге, ұрпақтарына аманат еткен асыл мұрасы. Осы дархан даламыз сан жылдар бойы бодандықтың бұғауында болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың парасаттылығының арқасында ата-бабамыздың қаншама ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздігіне бейбіт жолмен қол жеткіздік. Бір кездерде әлем назарынан елеусіз болған қос құрлықтың арасында, Орта Азияның төріне орналасқан Қазақстан ширек ғасырға жетер-жетпес уақытта-ақ кемел сыртқы саясатымен, толерантылығымен, саяси-экономикалық тұрғыдан тұрақтылығымен төрткүл дүниеге танымал болды, көптеген елдермен экономикалық-әлеуметтік достық қатынас орнатты. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енді. Тәуелсіздік – тірегіміз, дамыған елдердің қатарына ену – ендігі тілегіміз. Ұланғайыр табыстарға жетуіміздің негізі Елбасымыздың сындарлы саясатының сырында жатқаны дүние жүзіне аян. «Егер келешекте қолымнан іс келетін азамат бола қалсам, қазақ деген халықты дүние жүзіне танытып, терезесін тең етер едім», – деген Елбасымыздың ұлағатты сөзі арманнан нақты іске айналды. Қазақ елін әлем таныды, экономикада, әлеуметтік салада, спорт пен мәдениетте, саяси тұрақтылықта қол жеткізген табыстарымызға әлем елдері тәнті болып қарайтын дәрежеге жеттік. Ұлы жетістіктерге жетуімізге, еліміздің аз уақытта-ақ секіріп, Азияның барысына айналған тарихи маңызды кезеңдеріне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қосқан үлесі орасан зор, елбасымыздың ерен ерлігі, қажырлы қайраты, алып еңбегі талай шығармаларға арқау болды. Әсіресе, үлкен бір жиында туымыздың қисайып, құлауға шақ қалған сәтін тура

жон арқасын беріп тұрған Президентіміз тұла бойымен, жан дүниесімен сезініп, жерге түсірмей қағып алған кезінде қалың халқы риза болды. Осы бір сәтті өлеңге қосқан атақты ақынымыз Асқар Оразалы былай деп жырлаған еді:

Желкесінде қырағы көзі бардай
Арқасымен әп сәтте сезіп, Алла-ай!
Жалт бұрылып жеткізбей жерге туды
Ұстап қалды Президент өзі қармай.

Елбасымыздың ұлағатты істері, өнегелі өмірі – мен үшін өте құрметті, қадірлі дүние. ЕҚЫҰ төрағасы, әлемдік Ислам конференциясының төрағасы болдық. Ақ Азиада спорттық ойындарын да жоғары дәрежеде өткіздік, ендігі меже – ЕХРО-2017. Халқын Тәуелсіздікке жеткізген еліміздің бәйтерегі, бостандық таңының алтын діңгегі болған Елбасымыздың көрегенділігі мен парасатының арқасында еліміз гүлденіп, көркейіп келеді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, кемеңгер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев – мен үшін ісімен, даналығымен, өнегелі өмірімен үлгі болған қайталанбас тұлға ретінде қашан да көшбасшы болып қала береді. Елімізді жарқын болашаққа бастаған Елбасымызды құрмет тұтамын әрі мақтан етемін.

Мұханбекұлы Нұрсұлтан

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.
2. «Балалық шағымның аспаны» және тағы да басқа Елбасымыз туралы көркем, деректі фильмдерді көріп, мазмұнын әңгімеленіздер.
3. Елбасының өнегелі отбасы тәлімі және «отан отбасынан басталады» деген халық даналығының мәнін ұштастыра сипаттаңыздар.
4. «Менің көшбасшым» тақырыбына шығарма жазыңыздар.

Ел болашағы – жастардың қолында

Кез келген өркениетті мемлекет өзінің ертеңгі болашағы туралы терең ойлайды және ел болашағының жарқын болғанын қалайды. Дамыған елу елдің қатарына енген Қазақстан алысқа көз тігіп, өркениетті 30 елдің қатарына енуді межелейді. Еліміздің өркендеуі, гүлденуінің кепілі – білікті де білімді азаматтар. Ал бүгінгі білімді де алғыр студент – ертеңгі білікті маман.

Сондықтан да елімізде жастарға деген ықылас ерекше. Зейінді жастар мемлекет грантына ие болып, еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуда. Ал «Болашақ» бағдарламасы алғыр жастарды алыс-жақын шетелдерде жоғары білім алуына мүмкіндік туғызды. Еліміздің жарқын болашағының кепілі болған жастарға мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлінеді. Арнайы жасалған жастар саясаты да – осы үлкен қамқорлықтың дәлелі. Ал 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауын ұсынды. Жолдауда Елбасының: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудегі ұлттық жүйенің негізін қалыптастыру керек. Келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажет. Үкіметке 2014 жылғы 1 маусымға дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырамын», – деген сөзі жастардың бойына жаңа серпіліс берді.

Мені өте алаңдататын жайт ауыл жастарының қалаға тоқтаусыз ағылуы. Қалаға келгеннің бәрі бірдей жұмыс тауып, қала өмірінен өзіне лайық орын тауып орналасып жатқан жоқ. Бос сандалбай жүріс пен қаржы тапшылығы оларды әртүрлі ірілі-ұсақты қылмыс жолына түсуіне себепші болып отырғаны айдан анық, бәрімізге белгілі жайт. Сонымен қатар еліміздегі отыздан асқан, отбасын құрмаған сұр бойдақтардың біразы да осы қалаға келген ауыл жастары екендігі рас. Ауыл өмірін абаттандандыру мен ауылда саламатты өмір сүру салтын қалыптастыратын әлеуметтік жоба, үлкен механизм қажет. Ауыл өміріне қатысты, әсіресе ауыл жастарының өміріне қатысты әлеуметтік институттар, жастарға арналған әлеуметтік-мәдени, саяси ұтқыр жылжымалы орталықтар ашу қажет. Бұл орталықтар негізінен волонтерлік бағытта құрылған еріктілердің отрядынан жасақталса игі болар еді. Бұл еріктілер отрядынан құрылған орталыққа ең қажетті тұрақты мамандар – педагогтер мен психологтар, сонымен бірге орталықтың ауыспалы құрамы

– әртүрлі мамандық саласындағы табысқа қол жеткізген кәсіпкерлер мен мамандар тартылғаны дұрыс. Еліміздің болашағы жастардың тағдырына енжарлықпен қарамай, оларға табыстың кілті сапалы білім мен саналы тәрбиеде, адал еңбекте екеінін насихаттап, ізгілікті бойларына сіңіріп отыру – біздің, аға ұрпақтың қасиетті парызы. Осы ұлы мақсатты жүзеге асыру жолында үлкен игі істер, ізгілікті шаралар жүзеге асырылуда. Еліміздің өркендеу жолында жастардың атқарар міндеті зор. Бізді, жастарды еліміздің болашағын одан ары нұрландыру үшін қажымас қайрат, ұлы мақсаттар мен идеяларды жүзеге асырар ұлы жобалар мен үлкен еңбек күтіп тұрғанын терең сезінеміз. Отанымызға адал қызмет етіп, өз үлесін қосу – елін сүйген әрбір жастың қасиетті парызы.

Мұханбекұлы Нұрсұлтан

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар, мазмұнын айтыңыздар.
2. «Еліміздің жарқын болашағының кепілі – білімді де білікті жас мамандар» деген тақырыпта дебат ұйымдастырыңыздар.

Еңбектің наны тәтті

Еңбек – адамның бақытты өмір сүруінің негізгі кепілі десек, бұл артық айтқандық емес. Себебі, адамға ең қажетті заттардың бәрі еңбек арқылы келеді. Еңбек арқылы біз өзіміз аңсаған арманымызға қол жеткізе аламыз. Ата-ана баланы еңбек етуге кішкентай кезінен баулуы керек. Кішкентай баланың әлі жететін, қолынан келетін ұсақ-түйек шаруаларды оған сеніп тапсыруға болады. Өз қолымен бірденені істеуі, үлкендерге септігін тигіздім деп ойлауы бала бойындағы өз күшіне деген сенімділікті бекітеді. Кішкентайынан еңбектеніп үйренген бала, өзгелердің де еңбегін сыйлай біледі. Өзі қандай үлкен лауазымды қызметкер болса да, еңбекке, қарапайым еңбек адамына деген құрметін жоғалтпайды. Лауазымды қызмет атқару немесе басшы болуды еңбек емес деп ойлайтын жандар да кездесіп қалады. Жоқ, бұл да – еңбек. Еңбек іштей: ой еңбегі, қол еңбегі, ауыр жұмыс, жеңіл жұмыс, таза жұмыс, лас жұмыс деп жіктеледі. Ой еңбегіне әртүрлі саладағы шығармашылық жұмыстарды жатқызамыз. Лас жұмыс деген экологиялық тұрғыдан

қарастырып, ауыр өндіріс пен қоршаған зиянды әсері бар жұмыс орындарындағы еңбекті айтамыз. Ауыр жұмыс деп адамның физикалық күшін, әлеуетін қажет ететін жұмыс түрін айтамыз. Еңбектің салмағына қарай ісін де өнбек. Еңбегің табысты болса, өмірің бақытты болмақ. Өзің ұнататын салада, өзің қалаған мамандық бойынша еңбек ету адамға шын қуаныш сыйлайды. Өз ісін сүйген еңбек адамы ғана үлкен жетістікке қол жеткізе алады, арманның асқақ шыңын бағындыра алады. Өз еңбегіңмен тапқан табыстың салмағы да өзің үшін маңызды. Өз еңбегіңмен тапқан ақшаға нан сатып алу, өзіңе қажетті зат алу, өз жақындарына сыйлық сатып алып сыйлау, бұл – үлкен жетістік. Ал үлкен жетістік адамға үлкен қуаныш сыйлайды. Қуаныш адамға бақыт әкеледі. Түптеп келгенде еңбек, тек еңбек қана адамға баянды бақыт сыйлай алады. Себебі еңбек, еңбекпен тапқан табысың адамға ырыс әкеліп, өміріне күт-береке енгізіп, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтады. Ал бақыт дегеніміз – ертеңгі күніңізге, болашағыңыздың жарқындығына деген нық сенім емес пе?!

Мұханбекұлы Нұрсұлтан

1. «Еңбек пен бақыт – егіз ұғым» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Еңбек туралы мақал-мәтел жазып келіңіздер.
3. «Еріншектің ертеңі бітпес, жеңілтектің селтеңі бітпес» деген мақалға талдау жасаңыздар.
4. «Тамағы тоқтық, көйлегі көктік – аздырар адам баласын» деген асыл сөздің авторы кім?

Әлем аруы – ана

Адам бойындағы бар асыл қасиет Алланың нұрынан, ананың ақ сүтінен бойымызға дарыған. Ардақты аналардың жүрекжарды тілегін орындау, жүзеге асыру – әрбір ұл-қыздың ұлы арманы.

Ана – ардақты ат. Мұсылмандардың қасиетті «Құран» кітабында жер бетінде бірінші кімді сыйлауым керек деген адамзат сұрағына Ананы, екінші де, үшінші де Ананы, Ананы деген жауап айтылған. Әр ана перзентінің өзіне деген құрметін, ыстық ықыласы, балалық махаббатын айрықша көрсетуін қалайды. Әрбір ана өз баласын теңдесі жоқ керемет жанға ба-

лайды, баласына кір жуытқысы келмейді. Бірақ кейде анасының ақ үмітін ақтамай, ана қабағына кірбің ұялатып жататын пенделер де кездеседі. Ана – баласы қуанса, шаттанады; баласы қапаланса, қайғырады. Ананың балаға, баланың анаға деген терең сүйіспеншілігін бір-бірінен бөле қарай алмаймыз.

Халқымыз адам өміріндегі ананың қадір-қасиетін мына мақалға сыйдырып көрсеткен: әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы жасыл құрақ.

1. Ана деген – ардақты атқа қандай шешелер лайық деп ойлайсыздар?

2. «Дүние аналармен көрікті ғой» тақырыбына эссе жазыңыздар.

3. Эсседе ардақты аналар туралы нақты деректер мен дәлелдерді пайдаланып, мысалдар келтіріп жазыңыздар.

Ұстаз – ұлағатты тұлға

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағының кепілі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе – әлемнің білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті отандық білім жүйесін қалыптастыру ісі болып табылады. Өз отанының дамуы үшін білімді де білікті маман даярлап, өз отанын сүйген патриот азамат тәрбиелеу үшін еңбек майданында аянбай тер төгіп жүрген ұстаздар қызметінің орны ерекше. Себебі өркениеттің өзегі, кез келген елдің дамуының, саяси тұрақтылығының негізі – білім мен ғылым және саналы тәрбиенің түп тамырынан өріс алатындығына ешкімнің таласы жоқ. Еліміздің өркендеуі үшін ең қажеттісі – білімді де білікті, отансүйгіш азамат болса, осындай тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін киелі орын – білім ошақтары, ал білім ордасының жаны – ұстаз. Ұстаз деген – ардақты ат. Білім беру ісінде және тәрбие жұмысында шешуші де басты тұлға – ұстаз. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген нақыл сөзді дана халқымыз бекер айтпаған.

Әрбір білім алушы әлеуметтік топтың өкілі ертең зиялы қауымның қатарын толықтыратын сауатты да саналы азамат, қайраткер тұлға болуы керек. Ал елінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосатын ұрпақ даярлау және ата-бабамыздың асыл дәстүрін, ізгі істерін жалғатыратын, елін, халқын сүйген адал

жан, отаншыл патриот тәрбиелеу ісі – асыл да жоғары құзыреттілік ұстаздардың қолында. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастырушы, саналы тәрбие, терең білім беруші, өнегелі істің бастаушысы, жарқын үлгісі, жас ұрпақтың арманын көкке самғатып, талабын алға ұмсындыратын, мақсатын жүзеге асырып, асыл мұратына жетуге жетелейтін жан, ол – Ұстаз. Сондықтан да ҰСТАЗ – әрқашан құрметке лайық тұлға.

Мәтін бойынша жұмыс

Мәтіннің тақырыбын нақтылау	Тақырыпты негізгі бағыт бойынша нақтылау
Нақтыланған тақырыпты түрлендіру	Нақтыланған тақырыппен мазмұны бірдей не ұқсас басқа тақырып дайындау
Жоспар құру	Мәтінді мазмұнына қарай бөлімдерге бөлу

Алтын ұям – мектебім

Алты жасқа толғанда алғаш рет мектеп табалдырығын аттадым. Алғашқы ұстазым қолыма әліппені ұстатты. Алғаш рет әліппені қолыма алғанда, алдымда үлкен құпия, шытырман оқиға күтіп тұрғандай жүрегім атқақтай соқты. Иә, мені жүрегім алдамапты. Шынында, әліппем – өмір деген үлкен арнаның құпиясын, білімін-ғылымын меңгеруге жасалған алғашқы қадамым екен. Мектепке әріп танысам, жазуды үйренсем, есеп шығара білсем деген тарыдай талаппен келген біз, оқушылар, қазір ержеттім, үлкен азамат болдым, енді оқуымды жалғастырып, терең білім алып, білікті маман болсам деген таудай талапты арқалап шығып барамыз. Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың деген қанатты сөздің астарлы мәнін енді ғана терең түсініп, ұққандаймыз. Асыл арманымызды ұштаған, бізді біліммен қанаттандырған мектептің орны адам өмірінде ерекше екен. Міне, мектепті бітірер күн де таяп қалды, аяулы ұстаздарымызбен, алтын ұяымызбен қоштасар кез де таяу, тіпті жақын. Жаманымызды жасырып, жақсымызды асырып, өз баласындай мәпелеген қамқор ұстаздарымызбен қоштасамыз. Бізді енді үлкен өмір күтіп тұр. Ал алтын ұя мектебім мені осы үлкен өмірге үлкен қадам жасау үшін дайындаған алтын баспалдағым

секілді. Қоштасар кез келді, бірақ мен Мектебімді қимаймын, себебі мұнда менің алаңсыз шуақты күндерім, бақытты балалық шағым, ең жақын достарым, жүрек түкпіріне тығып қойған алғашқы інкәр, мөлдір сезімім мен аяулы ұстаздарым қалып барады. Екінші үйімдей болған, алтын ұям мектебім, сенің орның мен үшін қашан да ерекше. Аяулы ұстаздарым, сіздердің ыстық ықыластарыңызды ешқашан ұмытпаймын. Білімнің бастауын, ғылымның негізін сыйлаған, өмірдің іргетасын қалауға үйреткен ардақты ұстаздар, асыл мектебім, сіздерге деген алғысым шексіз.

1. Мәтіндерді мәнерлеп оқыңыздар.

2. «Мектеп пен ұстаз – егіз ұғым» деген сөздің мәніне талдау жасаңыздар.

3. «Менің аяулы ұстазым» атты тақырыпта шағын шығарма жазыңыздар.

4. Мектептің табалдырығын алғаш аттаған сәттеріңіз туралы әңгімелеп беріңіздер.

Менің адамдарға қуаныш сыйлағым келеді

Адам тағдыры өте күрделі. Әр адамның өмірі – өз алдына жеке роман. Сол романдағы басты кейіпкер өз тағдырының қаһарманы бола ала ма, жоқ па?! Бұл әртүрлі жағдайларға байланысты болады. Әр адам бақытты әртүрлі түсінеді. Бақыт деген қайғысыз, қуанышпен өмір сүру ғой. Ал қайғы бұлтынсыз өткен күн қуаныш қой. Сондықтан да мен адамдың бәріне қуаныш сыйлағым келеді. Себебі, теледидарды қосып жаңалық тыңдасам да, көшеге шыға қалсам да, қабағы қатулы, өмірінде әлдененеге ренішті адамдардың жүдеу кейіпін көргенде жүрегім сыздайды, жаным ауырады. Сол бір жүзін қайғы-мұң торлаған жандардың жанын жадыратып, қайғыдан сейілтіп, қуаныш сыйлағым келеді. Әрине, қуанышты ету үшін, сол жанның қабағындағы кірбіңнің себебін білу қажет. Сондықтан да адам жанын емдейтін психолог немесе психотерапевт болсам екен. Бос уақыттарымда аянбай еңбек етіп, мол табыс тауып, осы табысымның қомақты бөлігін кедей адамдарға, міскін жандарға сыйлағым келеді. Міскін жандардың ауыр өмірін сәл де болса жеңілдеткім келеді. Тағдырдың талқысынан шаршаған жандар-

дың бейнетін жеңілдеткім келеді. Осы ауыр жұмысты жеңілдететін, ауыр қол еңбегін алмастыра алатын автоматты жаңа қондырғыларды ойлап тауып, жүзеге асырғым келеді. Содан соң сол автомат құралдарды ауыр жұмысы көп еңбек орындарына орналастырып, ауыр еңбек адамдарына қуаныш сыйлағым келеді. Мен қазір мектеп оқушысымын. Мектепті бітірген соң ЖОО-ға оқуға түсіп, бір емес бірнеше мамандықтың, кәсіптің иесі болуым керек. Мақсатыма жету үшін ата-анамның ақылын тыңдап ақылды, әдепті болып өсуім керек. Сонымен қатар жақсы өмір сүру үшін сабақты жақсы оқып, озат оқушы болуым қажет. Сол себепті де күнде сабаққа мұқият дайындаламын. Адамдарға әрқашан қуаныш сыйлайтын мамандықтың иесі болғым келеді. Мен адамдардың жүзінен қайғы емес, шаттық көргім келеді. Әрине, ең алдымен өзіме жарық дүние сыйлаған анама, асқар таудай қамқор әкеме, әрқашан қолдау көрсететін бауырларыма, менің азамат болып өсуіме өз үлесін қосқан ұстаздарыма, жақын жандарға, олардың үміті мен сенімдерін ақтап, қуаныш сыйлағым келеді, өзгелерге қуаныш сыйлау арқылы адам өзіне де шаттық сыйлайды. Өз мұратына жеткен адам бақытты болады. Бақытты болу үшін адам, ең алдымен иманды, адал, еңбекқор болуы керек.

Мұханбекқызы Айнұр

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар, мазмұнын айтыңыздар.
2. «Өзгеге қуаныш сыйлау – өзіңе бақыт сыйлау» деген ұғымды қалай түсінесіздер?

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай ... болып бөлінеді.

- 1) қатаң және ұяң
- 2) ашық және қысаң
- 3) еріндік және езулік
- 4) жуан және жіңішке
- 5) үнді және діріл, шұғыл

2. Дұрыс нұсқасын тауып, толықтырыңыз.

Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай ... болып бөлінеді.

- 1) қатаң және ұяң, жіңішке
- 2) ашық және қысаң
- 3) ұяң және жуан, үнді
- 4) қатаң және ұяң, үнді
- 5) жуан және жіңішке

3. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Ашық дауыстылар мыналар:

- 1) а, ә, о, ү, э
- 2) о, ө, ү, Ү, ы, і
- 3) а, ө, е, о, ө
- 4) т, к, п, ф, с
- 5) а, ө, б, ы, ү, Ү

4. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Кірме әріптер мыналар:

- 1) я, ю, ё, э, щ
- 2) ф, ц, э, в, ч
- 3) в, ф, п, ч, с, щ
- 4) я, ю, э, ё, щ, һ
- 5) һ, х, ө, ч, щ, я, ы

5. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Қысаң дауыстылар мыналар:

- 1) ы, і, у, Ү, Ү
- 2) и, у, ө, ү, і, ы
- 3) е, э, и, ы, і, и
- 4) а, е, ө, о, ө, ү
- 5) ы, і, а, е, ү, ө

6. Дұрыс нұсқасын тауып, сөйлемді аяқтаңыз.

О, ө әріптері

1. буын талғамайды
2. буын талғайды
3. кірме сөздерде буын талғамайды
4. біріккен сөздерде де буын талғамайды
5. кірме сөздердің соңында жазылмайды

7. Дұрыс нұсқасын тауып, сөйлемді аяқтаңыз.

Еріндік дауыстыларды айтқанда,

- 1) ерін сүйірленіп, ілгері қарай созылады
- 2) езу тартылып, ерін кейін жиырылады
- 3) өкпеден ауа еркін шықпайды
- 4) тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылады
- 5) ауа кедергі ұшырап шығады

8. Дұрыс нұсқасын тауып, толықтырыңыз.

Әріпнама дегеніміз –

- 1) белгілі бір нәрсенің шартты таңбасы
- 2) әріптерді оқимыз, көреміз
- 3) әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығы
- 4) дыбыстарды айтамыз, естиміз
- 5) жазуда тіл дыбыстарын белгілеу үшін қолданылатын таңба

9. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Әріпнамалық ретпен жазылған сөздердің қатарын табыңыз.

- 1) айдар, калам, сақ, нокат, тау
- 2) астық, әлем, базар, қазақ, жау
- 3) өрік, рахат, ворма, ыдыс, іс
- 4) әсем, бейнелі, көрікті, желді
- 5) сұлу, шындық, тарак, хабар

10. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Бас әріппен жазылатын сөздердің қатарын көрсетіңіз.

- 1) адамның , өсімдіктің атаулары
- 2) жануарлардың атаулары
- 3) жер-су аттары
- 4) жалпы есімдер, жалқы есімдер
- 5) газеттегі мақалалар

11. Жұмысшы сөзінің орфоэпиялық қалыпқа (нормаға) сай жазылған нұсқасын көрсетіңіз.

- 1) жұмышшы
- 2) жұмұшы
- 3) жұмұшшү

- 4) жұмұшшы
- 5) жұмұшсү

12. Қария сөзінің дұрыс айтылуын көрсетіңіз.

- 1) қариа
- 2) қарийа
- 3) қариаиа
- 4) кәрие
- 5) қарие

13. Орфографиялық қалыпқа (нормаға) сай жазылған сөзді табыңыз.

- 1) байыйды
- 2) байиды
- 3) баииды
- 4) байіды
- 5) байыйды

14. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) кейуана
- 2) кеюана
- 3) кеюуана
- 4) кейюана
- 5) кеиуана

15. Толықтырыңыз.

Дауыстылар ашық, қысаң болып бөлінеді.

- 1) тілдің қатысына қарай
- 2) үн мен салдырдың қатысына қарай
- 3) жақтың қатысына қарай
- 4) еріннің қатысына қарай
- 5) ерін мен езудің қатысына қарай

16. Толықтырыңыз.

Дауыссыздар, ұян болады.

- 1) дауыс салдырдан басым болса
- 2) дауыстан салдыр басым болса
- 3) тек салдырдың қатысынан болса
- 4) ауа өкпеден еркін шықса
- 5) тек қана салдырдан тұрса

17. Толықтырыңыз.

Ә әрпі

- 1) буын талғамайды
- 2) сөздің соңғы буынында мүлдем жазылмайды
- 3) кейбір сөздердің соңғы буынында жазылады
- 4) сөздің басқы буынында ғана жазылмайды
- 5) сөздердің кез келген буынында жазылады

18. Толықтырыңыз.

Сөздің басқы буынында еріндік дауыстылар тұрса, келесі буындардағы езулік дауыстылар (е, ы, і)

- 1) естіледі де, жазылады да
- 2) естілмейді де, жазылмайды да
- 3) естілгенімен, бірақ жазылмайды
- 4) естілмейді, бірақ жазылады
- 5) ешқандай әсері болмайды

19. Қазақ тілінде қ, ғ дауыссыздары тек

- 1) жіңішке дауыстылармен тіркеседі
- 2) жуан дауыстылармен тіркеспейді
- 3) жуан дауыстылармен тіркеседі
- 4) ашық дауысталаармен тіркеседі
- 5) тек қатаң дауыссыздармен тіркеседі

20. Ү, ү әріптері сөздердің соңғы буынында

- 1) сирек болса да жазылады
- 2) мүлдем жазылмайды
- 3) көбінесе кездеседі, жиі жазылады
- 4) дыбыстары айтылады, жазылмайды
- 5) сөздер аяқталады әрі жазылады

21. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Клуб...

- 1) -ға
- 2) -ге
- 3) -қа
- 4) -ке
- 5) -тер

22. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Петроград...

- 1) -тан
- 2) -тен
- 3) -дан
- 4) -ден
- 5) -нан

23. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Геолог...

- 1) -қа
- 2) -ке
- 3) -ге
- 4) -ға
- 5) -да

24. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Авиамодель...

- 1) -тің
- 2) -дің

- 3) -дың
- 4) -тың
- 5) -ның

25. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Цех...

- 1) -ха
- 2) -қа
- 3) -ке
- 4) -ға
- 5) -ге

26. Тиісті қосымшаны жалғаңыз. Рецепт...

- 1) -іні
- 2) -ті
- 3) -ты
- 4) -ыны
- 5) -тың

27. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз. Күмән...

- 1) -ді
- 2) -ды
- 3) -ты
- 4) -ті
- 5) -лы

28. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз. Галстук...

- 1) -ты
- 2) -ды
- 3) -ді
- 4) -ті
- 5) -дың

29. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз. Гардероб...

- 1) -бен
- 2) -мен
- 3) -пен
- 4) -бенен
- 5) -менен

30. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз. Микроб...

- 1) -тің
- 2) -дің
- 3) -дың
- 4) -тың
- 5) -ның

31. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) центнерді
- 2) центнеріді
- 3) центнерды
- 4) центнерті
- 5) центнерыны

32. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) ілестірып
- 2) ілестырып
- 3) лестіріп
- 4) ілестіріп
- 5) ылестіріп

33. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) трестке
- 2) треске
- 3) трестіге
- 4) трестқа
- 5) трестте

34. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) пункттен
- 2) пунктіден
- 3) пунктен
- 4) пунктынан
- 5) пунктінан

35. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) адьютант
- 2) адиутант
- 3) адютант
- 4) адьютант
- 5) адиютант

36. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) киловатта
- 2) киловата
- 3) киловаттта
- 4) киловатте
- 5) киловаттен

37. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) жатығудан
- 2) жаттығуден
- 3) жаттығудан

- 4) жаттығутан
- 5) жаттығуыдан

38. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) сиездің
- 2) съездің
- 3) сиезіның
- 4) съездің
- 5) съездден

39. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) граммотасы
- 2) граммы
- 3) килограммы
- 4) грамматикасы
- 5) граматикалық

40. Қатесіз жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) тунельде
- 2) туннелде
- 3) туннельда
- 4) туннельде
- 5) туннелынен

41. *Аялы* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 5, 5
- 2) 5, 6
- 3) 5, 4
- 4) 6, 5
- 5) 4, 4

42. *Күзету* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 6, 7
- 2) 6, 6
- 3) 6, 5
- 4) 5, 6
- 5) 7, 6

43. *Жұмыртқа* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 8, 8
- 2) 9, 8
- 3) 8, 9
- 4) 8, 7
- 5) 9, 8

44. *Тақия* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 5, 5
- 2) 5, 6
- 3) 5, 4
- 4) 5, 7
- 5) 6, 5

45. *Байиды* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 6, 6
- 2) 6, 7
- 3) 7, 7
- 4) 6, 8
- 5) 7, 6

46. *Риза* сөзінде қанша дыбыс, неше әріп бар?

- 1) 4, 4
- 2) 4, 5
- 3) 4, 6
- 4) 4, 7
- 5) 5, 4

47. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) іине
- 2) иікем
- 3) киік
- 4) кіим
- 5) киелы

48. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) сыйяқты
- 2) сыйқым
- 3) сыйымды
- 4) сыйдаңдап
- 5) сыйрақтары

49. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) кею
- 2) кейиді
- 3) кейуақ
- 4) кейібірі
- 5) кейюана

50. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) іриді
- 2) іириді

- 3) иіриді
- 4) ырыиді
- 5) ірыйды

51. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) сүйек
- 2) сійрек
- 3) иін
- 4) ыйық
- 5) инельк

52. Қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- 1) құйын
- 2) құймақ
- 3) қыйналыс
- 4) хаюанша
- 5) кадырсыз

53. Кірме әріптердің қатарын көрсетіңіз

- 1) э, я, ю, һ
- 2) ч, ш, щ, ц
- 3) э, ц, ч, ё
- 4) ё, э, х, й
- 5) х, ц, в, ф

54. Кірме сөздерде ғана кездесетін әріптерді көрсетіңіз.

- 1) в, ф, э, ц
- 2) ч, щ, я, э
- 3) я, ю, ф, в
- 4) ё, э, ф, ю
- 5) ф, щ, х, һ

55. Кірме сөздерде ғана сөз аяғында кездесетін әріптерді көрсетіңіз.

- 1) г, қ, в, ф
- 2) ғ, г, д, о
- 3) г, д, в, о
- 4) о, ө, в, п
- 5) ё, о, я, ю

56. Көп нүктенің орнына х, қ әріптерінің тиістісін қойыңыз.

Ра...ат, та...та, ...ош иіс

- 1) қ, х, қ
- 2) қ, х, х
- 3) х, қ, х
- 4) х, қ, қ
- 5) х, х, қ

57. Көп нүктенің орнына х, қ әріптерінің тиістісін қойыңыз.

Са...на, са...ара, мү...ит

- 1) х, х, х
- 2) қ, х, х,
- 3) х, қ, х
- 4) х, х, қ
- 5) қ, қ, қ

58. Көп нүктенің орнына ф, п, б әріптерінің тиістісін қойыңыз.

Шка..., шта..., шауы...

- 1) п, ф, б
- 2) ф, б, п
- 3) б, ф, п
- 4) ф, п, б
- 5) п, б, п

59. Көп нүктенің орнына ц, ч әріптерінің тиістісін ретіне қарай қойыңыз.

...емент, у...илище, авиа...ия

- 1) ц, ч, ч
- 2) ц, ч, ц
- 3) ч, ц, с
- 4) ц, ц, ч
- 5) щ, ч, ц

60. Көп нүктенің орнына лл, л және мм, м әріптерінің тиістісін қойыңыз.

Мета..., мета...ды, гра...дап, килогра... .

- 1) лл, л, м, мм
- 2) мм, м, л, лл
- 3) л, лл, мм, м
- 4) л, лл, мм, мм
- 5) лл, л, мм, м

61. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

А дыбысы –... .

- 1) жуан, езулік, ашық дауысты дыбыс
- 2) дауысты, ашық, жуан дыбыс
- 3) ашық, жуан, езулік дыбыс
- 4) жуан, езулік дауысты дыбыс

62. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Дауыссыз б, д дыбыстары қазақтың төл сөздерінде

- 1) сөздің басында ғана қолданылады, ал кірме сөздерде аяғында да кездесе береді
- 2) сөздің басында, ортасында, соңғы буынында қолданылады, бірақ сөз аяқталмайды, ал кірме сөздерде сөз аяқтала береді

3) сөздің басында, ортасында ғана қолданылады, ал кірме сөздерде аяғында да кездесе береді

4) сөздің басында да, соңғы буынында да қолданылады, бірақ сөз аяқталмайды, ал кірме сөздерің аяғында да кездесе береді

5) сөздің кез келген буынында кездеседі, буын талғамайды

63. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Р дыбысы – ...

1) үнді, діріл дауыссыз дыбыс

2) үнді дауыссыз дыбыс

3) дауыссыз дыбыс

4) діріл, үнді дауыссыз

5) көмей, шұғыл дауыссыз

64. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

И әрпі – ...

1) жалаң и дыбысының да, қосарлы ый дыбысының да таңбасы

2) жалаң и дыбысының да, қосарлы ый, ій дыбысының да таңбасы

3) жалаң и дыбысының таңбасы

4) қосарлы ый, ій дыбысының таңбасы

5) дауыссыз и дыбысының таңбасы

65. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

У әрпі – ...

1) жалаң у дыбысының да, қосарлы үу дыбысының да таңбасы

2) жалаң у дыбысының да, қосарлы үу, үү дыбысының да таңбасы

3) жалаң дыбысының да, қосарлы үу дыбысының да таңбасы

4) қосарлы үу, үү дыбысының таңбасы

66. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз.

И әрпінің емлесі:

1) кірме (бригада, кино) сөздерде жалаң и дыбысын таңбалайды

2) сөз құрамында я, ю әріптерінен бұрын ы, і әрпі келсе, олар жазылмай, и әрпі жазылады, кірме (бригада, кино) сөздерде жалаң и дыбысын таңбалайды

3) сирек, тасиды сөздерінде қосарлы дыбыстарды таңбалайды

4) кірме (бригада, кино) сөздерде жалаң и дыбысын, ал сирек, тасиды сөздерінде қосарлы дыбыстарды таңбалайды, сөз құрамында я, ю әріптерінен бұрын ы, і әрпі жазылмай, и әрпі жазылады

5) и әрпінің алдында ы әрпі әрқашан сақталып жазылады да, ал і дыбысы айтылғанмен, і әрпі жазылмайды

67. Мейлінше дұрыс жауабын көрсетіңіз.

1) тура, сауыт сөздеріндегі у дыбысы – ...

2) дауысты, дауыссыз дыбыстар

3) жуан, қысаң дауысты және үнді дауыссыз дыбыстар

- 4) жуан, қысаң, еріндік дауысты және үнді, ерін дауыссыз дыбыстар
- 5) жуан, қысаң, еріндік дауысты және ерін дауыссыз дыбыстар

68. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз. Институт сөзіндегі

- 1) и және у дыбыстары – ...
- 2) жалаң дауыстылар
- 3) жалаң, жуан, қысаң дауыстылар
- 4) жуан, қысаң дауыстылар
- 5) қосарлы дауысты дыбыстар
- 6) езулік, қысаң, жіңішке дауыстылар

69. Мейлінше дұрыс жауапты көрсетіңіз. Қазақ тілінде екпін ... болады.

- 1) тұрақты
- 2) сөздің соңғы буынына түседі де тұрақты
- 3) негізгі және көмекші екпін болып бөлінеді де, сөздің соңғы буынына түседі, тұрақты
- 4) сөздің соңғы буынына түспейді, негізгі және көмекші екпін
- 5) негізгі екпін сөздің соңғы буынына түседі, ал негізгі екпіннің орны жылжымалы болады.

70. Дұрыс тасымалданған сөзді көрсетіңіз.

- 1) та-уық
- 2) ку-ат
- 3) о-йын
- 4) ки-імі
- 5) ал-аса

71. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Лаура кітап... алды.

- 1) -ты
- 2) -ды
- 3) -ны
- 4) -ті
- 5) -ны

72. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Анаңды құрмет....

- 1) -та
- 2) -те
- 3) -де
- 4) -да
- 5) -ке

73. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Айжан газет... жазылды.

- 1) -ге
- 2) -қа

- 3) -ға
- 4) -ке
- 5) -не

74. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Оқушы мұғалім... сұрады.

- 1) -нен
- 2) -нан
- 3) -дан
- 4) -ден
- 5) -тан

75. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Науқас емхана.. барды.

- 1) -қа
- 2) -ге
- 3) -ға
- 4) -ке
- 5) -на

76. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Ардагер... клубына барды.

- 1) -лар
- 2) -лер
- 3) -дер
- 4) -дар
- 5) -тар

77. Орфографиялық қалыпқа (нормаға) сай жазылған сөзді табыңыз.

- 1) құс жолы
- 2) құс солы
- 3) құш жолы
- 4) құж жолы
- 5) құш шолы

78. Дұрыс жазылған жауапты табыңыз.

- 1) сембі
- 2) сенбі
- 3) семпі
- 4) сенпі
- 5) сеңбі

79. Орфографиялық қалыпқа (нормаға) сай жазылған сөзді табыңыз.

- 1) ардакер
- 2) ардагар

- 3) ардақар
- 4) ардагер
- 5) ардагер

80. Дұрыс жазылған жауапты табыыз.

- 1) аспасжы
- 2) аспасшы
- 3) аспазшы
- 4) аспазжы
- 5) аспашшы

81. Орфографиялық калыпка (нормаға) сай жазылған сөзді табыңыз.

- 1) көшбасшы
- 2) көшбассы
- 3) көшбащы
- 4) көшбашсы
- 5) көшбашшы

82. Дұрыс жазылған жауапты таңдаңыз.

- 1) тігүшақ
- 2) тікүшақ
- 3) тығүшақ
- 4) тықүшақ
- 5) тікүшақ

83. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Мынау – ұлттық кітап...

- 1) -ша
- 2) -қа
- 3) -қан
- 4) -хана
- 5) -қор

84. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Өнер.. бала.

- 1) -паз
- 2) -қой
- 3) -кер
- 4) -қор
- 5) -ші

85. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Ол ықылас... тыңдады.

- 1) -пан
- 2) -бен

- 3) -пен
- 4) -тен
- 5) -бен

86. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Бала автобус... келді.

- 1) -пан
- 2) -пен
- 3) -бан
- 4) -бен
- 5) -мен

87. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Айжан – сән... қыз.

- 1) -қой
- 2) -кер
- 3) -ғой
- 4) -гөй
- 5) -қор

88. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Ардагер зейнет....

- 1) -кер
- 2) -ғар
- 3) -гер
- 4) -қор
- 5) -паз

?!

Дұрыс жауабын табыңыз.

89. Отанға байланысты айтылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- 1) жазғы қоныс
- 2) кіндік қаны тамған жер
- 3) ескі қоныс
- 4) бұл жер менің ата-бабамнан қалған мұрам
- 5) жер телімі

90. «Отан үшін отқа түссең – күймейсің». Бұл сөйлем қай топқа жатады?

- 1) шешендік сөздер
- 2) тұрақты тіркес
- 3) атаулы сөйлем
- 4) нақыл сөз
- 5) еркін тіркес

91. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік күнін көрсетіңіз.

- 1) 16 желтоқсан, 1992
- 2) 25 қазан, 1991
- 3) 16 желтоқсан, 1991
- 4) 7 мамыр, 1991
- 5) 17 желтоқсан, 1991

92. Ашық дауыстыдан басталып, қысаң дауыстыға аяқталған сөзді көрсетіңіз.

- 1) отанымызға
- 2) отанымыздан
- 3) отанымызды
- 4) отан
- 5) отанымызда

93. Ә дыбысы қандай дыбыс? Мейлінше дұрыс жауабын табыңыз.

- 1) жіңішке дауысты дыбыс
- 2) ашық, езулік, жіңішке дауысты дыбыс
- 3) буын талғайтын жіңішке дауысты дыбыс
- 4) ашық, езулік, жіңішке, кірме дауысты дыбыс
- 5) ашық, езулік, кірме дауысты дыбыс

94. Ризашылық сөзінде неше дыбыс бар?

- 1) 9 дыбыс
- 2) 10 дыбыс
- 3) 11 дыбыс
- 4) 12 дыбыс
- 5) 8 дыбыс

95. Айтылуы бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- 1) көктемгі
- 2) көктөмгі
- 3) көктүмгү
- 4) көктемгү
- 5) көктөмгү

96. Орфографиялық нормаға сай жазылған сөзді белгілеңіз.

- 1) кеюана
- 2) кейуана
- 3) кейюана
- 4) кеуана
- 5) кеюуана

97. Кірме әріптердің қатарын көрсетіңіз.

- 1) я, ю, э, ё

- 2) я, ю, Ы, ц, ч
- 3) э, ё
- 4) б, в, ф, ч
- 5) э, я, ю

98. Толықтырыңыз. Қазақ тілінде ... дыбыс бар.

- 1) 37
- 2) 38
- 3) 42
- 4) 40
- 5) 33

99. Толықтырыңыз. Қазақ тілінде ... әріп бар.

- 1) 36
- 2) 37
- 3) 38
- 4) 42
- 5) 40

100. Толықтырыңыз. Қазақ тілінде ... дауысты дыбыс бар.

- 1) 15
- 2) 37
- 3) 38
- 4) 12
- 5) 26

Ойлан, тап!

1-нұсқа

Логикалық (қисындық) тест тапсырмалары

1. АҚШ – 3

Ресей – 5

Қазақстан – ?

- 1) 19
- 2) 6
- 3) 9
- 4) 58

2. Түрікпен – 3

Үндіс – 2

Қазақ – ?

- 1) 2
- 2) 5

- 3) 4
- 4) 22

3. Орташа – 3

Жаман – 2

Үздік – ?

- 1) 1
- 2) 2
- 3) 5
- 4) 4

4. Тығыншықтай – 7

Арық – 2

Толық – ?

- 1) 2
- 2) 1
- 3) 9
- 4) 5

5. Егіз – 2

Бір – 1

Үшеу – ?

- 1) 1
- 2) 4
- 3) 2
- 4) 3

6. Қанағат – 3

Нашар – 2

Тәуір – ?

- 1) 5
- 2) 2
- 3) 4
- 4) 3

Логикалық (қисындық) тест тапсырмалары

2-нұсқа

1. Қызыл алма – 4 те 5

Сары өрік – 4 те 4

Көк алмұрт – ?

- 1) 3 те 6
- 2) 5 те 4

- 3) 6 да 4
- 4) 3 те 3

2. Орыс – 2
Қырғыз – 2
Қазақ – ?

- 1) 3
- 2) 2
- 3) 1
- 4) 4

3. Әке – 1
Бала – 2
Ана – ?

- 1) 1
- 2) 2
- 3) 5
- 4) 3

3. Латын – 1
Татар – 2
Қазақ – ?

- 1) 2
- 2) 0
- 3) 1
- 4) 5

5. Дұрыс – 5
Жоқ – 3
Қате – ?

- 1) 0
- 2) 3
- 3) 4
- 4) 2

6. Сынақ – 5
Тест – 4
Емтихан – ?

- 1) 5
- 2) 7
- 3) 2
- 4) 4

7. Ұстаз – 5
Оқушы – 6
Студент –
Талапкер – ?
1) 9
2) 3
3) 8
4) 4

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – 2-басылуы. – Алматы, 1978.
2. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. Педучилищелерге арналған. – 2-басылуы. – Алматы, 1982.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
4. Бектұров М., Серғалиев М.С. Қазақ тілі. Дайындық бөлімдеріне арналған. – Алматы, 1994.
5. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2006.
6. Кәтенбаева Б., Нұрпейсов Б. Қазақ тілінен дидактикалық материалдар. 5-класқа арналған. – Алматы: Мектеп, 1983.
7. Қасабек Қ., Күзембаева А. Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту әдістемесінің практикалық және зертханалық жұмыстары. – Алматы, 1999.
8. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2000.
9. Исабаев А. Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері. – Алматы, 1973.
10. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
11. Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
12. Шүленбаева Ү. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі // Канд.дис. автореф. – Алматы, 1994.
13. Көккөзова М.Б., Наралиева Р.Т., Мүжигова Г. Қазақ тілі. – Алматы: АДЕКЕВИР, 2011.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
ФОНЕТИКА	6
Тіл дыбыстары және фонетика	6
Дауысты дыбыстардың жазылу емлесі	16
Дауыссыз дыбыстардың жазылу емлесі	49
Буын және буынның түрлері. Тасымал	70
Үндестік заңы	77
Екпін	84
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	98
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	118

Оқу басылымы

Наралиева Рахила Тұрсынқызы

**ҚАЗАҚ ТІЛІ
(ФОНЕТИКА)**

Оқу құралы

Стереотиптік басылым

Редакторы *Г. Халидуллаева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *Н. Базарбаева*

ИБ №11035

Басуға 29.06.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 7,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №3770.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.